



2014 ж. шілде, №3 (35)
Журнал 2005 ж. қантардан бастап шығады
Жылына төрт рет шығады

Құрылтайшы: Қостанай мемлекеттік педагогикалық институт

Бас редактор: Қ.М. Баймырзаев,
география ғылымдарының докторы, профессор

Бас редактордың орынбасары: Е.А. Әбіл,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Бережнова Е.В., педагогика ғылымдарының докторы, ММХҚИ, Ресей
Амирова Б.А., психология ғылымдарының докторы, Е.А. Букетов атын. ҚарМУ, Қазақстан
Елагина В.С., педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ЧелМПУ, Ресей
Рудик Г.А., педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Phd д-ы, «Шекарасыз заманауи білім беру» орталығының директоры, Монреаль қ., Канада
Катцнер Т., Батыс Вирджиния Университетінің профессоры, Phd докторы, АҚШ
Кайе Ж., философия ғылымдарының докторы, Виа Домисия Университетінің профессоры, Перпиньян қ., Франция
А. Күзембайұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚМПИ
Брагина Т.М., биология ғылымдарының докторы, профессор, ҚМПИ
Важев В.В., химия ғылымдарының докторы, профессор, ҚМПИ
Қуанышбаев С.Б., география ғылымдарының докторы, АМПИ
Сивохин И.П., педагогика ғылымдарының докторы, ҚМПИ
Ахметов Т.А., педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚМПИ
Төлеген М.Ә., заң ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚМПИ

Нөмірдің жауапты редакторы:

Б.Ш. Баймұхамбетова, педагогика ғылымдарының кандидаты

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Федоров А.И., педагогика ғылымдарының кандидаты
Орал мемлекеттік дене шынықтыру университеті, Ресей
Утегенова Б.М., педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚМПИ
Кудрицкая М.И., педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚМПИ
Смаглий Т.И., педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚМПИ
Қонысбаева Д.Т., биология ғылымдарының кандидаты, доценті, ҚМПИ
Брагин Е.А., биология ғылымдарының кандидаты, ҚМПИ
Демисенов Б.Н., физика-математика ғылымдарының кандидаты, ҚМПИ
Наурызбаева Э.К., тарих ғылымдарының кандидаты, ҚМПИ
Әлібек Т.К., тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚМПИ
Огиенко Н.А., педагогика ғылымдарының кандидаты, ҚМПИ
Есіркепова К.К., филология ғылымдарының кандидаты, доцент, ҚМПИ

Тіркеу туралы куәлік №8786-Ж
Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігімен
19.11.2007 берілген.
Жазылу бойынша индексі 74081

Редакцияның мекен-жайы:
110000, Қостанай қ., Таран к., 118
(редакциялық-баспа бөлімі)
Тел. (7142) 53-34-71

№3 (35), июль 2014 г.
Издается с января 2005 года
Выходит 4 раза в год

Учредитель: *Костанайский государственный педагогический институт*

Главный редактор: *К.М. Баймырзаев*,
доктор географических наук, профессор

Заместитель главного редактора: *Е.А. Абиль*,
доктор исторических наук, профессор

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Бережнова Е.В., доктор педагогических наук, МГИМО, Россия
Амирова Б.А., доктор психологических наук, КарГУ им. Е.А. Букетова, Казахстан
Елагина В.С., доктор педагогических наук, профессор, ЧелГПУ, Россия
Рудик Г.А., доктор педагогических наук, профессор, д-р Phd, директор Центра Современной педагогики «Обучение без границ», г. Монреаль, Канада
Катицнер Т., доктор Phd, профессор Университета Западной Вирджинии, США
Кайе Ж., доктор философских наук, профессор, Университет Виа Домисия, г. Перпиньян, Франция
А. Кузембайұлы, доктор исторических наук, профессор, КГПИ
Брагина Т.М., доктор биологических наук, профессор, КГПИ
Важев В.В., доктор химических наук, профессор, КГПИ
Куанышбаев С.Б., доктор географических наук, АГПИ
Сивохин И.П., доктор педагогических наук, КГПИ
Ахметов Т.А., кандидат педагогических наук, доцент, КГПИ
Төлеген М.Ә., кандидат юридических наук, доцент, КГПИ

Ответственный редактор номера:

Б.Ш. Баймухамбетова, кандидат педагогических наук

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

Федоров А.И., кандидат педагогических наук, Урал. ГУ физической культуры, Россия
Утегенова Б.М., кандидат педагогических наук, доцент, КГПИ
Кудрицкая М.И., кандидат педагогических наук, КГПИ
Смаглий Т.И., кандидат педагогических наук, КГПИ
Конысбаева Д.Т., кандидат биологических наук, доцент, КГПИ
Брагин Е.А., кандидат биологических наук, КГПИ
Демисенов Б.Н., кандидат физико-математических наук, КГПИ
Наурызбаева Э.К., кандидат исторических наук, КГПИ
Алибек Т.К., кандидат исторических наук, доцент, КГПИ
Огиенко Н.А., кандидат педагогических наук, КГПИ
Есиркенова К.К., кандидат филологических наук, доцент, КГПИ

Свидетельство о регистрации № 8786-Ж
выдано Министерством культуры и информации Республики Казахстан
19 ноября 2007 года.
Подписной индекс 74081

Адрес редакции:

110000, г. Костанай, ул.Тарана, 118
(редакционно-издательский отдел)
Тел. (7142) 53-34-71

© Костанайский государственный
педагогический институт

УМД 321.01

**ӘЛ-ФАРАБИДІҢ САЯСИ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ МЕН ПЛАТОН, АРИСТОТЕЛЬ
КӨЗҚАРАСТАРЫНДАҒЫ ҰҚСАСТЫҚТАР МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР
(Әл-Фарабидің діни-саяси көзқарастары болды ма?)**

*Амантаева А.Б.,
философия ғылымдарының
кандидаты, аға оқытушысы, ҚМПИ,
Мұратбеков А.Ф.,
2 курс студенті, ҚМПИ
Қостанай қ., Қазақстан*

Аннотация

Саясаттану ғылыми пән ретінде қалыптасу мен даму тарихынан тұрады. Саяси ойлардың тарихын танымай қазіргі саяси процестерді зерттеуге мүмкін емес. Тарихи принципке қарай саяси ойдың белгілі бір өкілдерінің идеяларын қарастырдық (Платон, Аристотель, әл-Фараби). Олардың мемлекеттің құрылысы, басқару өнері, биліктің құдайшылық сипаты, қоғамдық тәртіп туралы және әлемдік тәртіптегі мемлекеттің ерекше алатын орны туралы идеялар. Бұл мақалада жеке меншік, әлеуметтік теңсіздік, басшылық жайында Платон мен Аристотельдің және әл-Фараби арасында идеялық айырмашылықтар мен ұқсастықтары көрсетілген. Барлық сұрақтарды қарастырылғаннан кейін қорытындылары анықталған.

Аннотация

Политология, как и всякая наука, имеет свою историю возникновения, становления и развития. Без изучения истории политической мысли невозможен анализ современных политических процессов и явлений. Следуя принципу историзма, рассмотрим идеи наиболее ярких представителей политической мысли – Платона, Аристотеля, аль-Фараби, их суждения об устройстве государства, искусстве правления. Существовавшие тогда представления об общественном порядке при некоторых особенностях и различиях исходили из тезиса о божественном характере власти и положения о том, что государство является составной частью мирового космического порядка. В данной статье представлен сравнительный анализ представлений Платона, Аристотеля, аль-Фараби, касающихся вопросов правления, социальной иерархии, частной собственности. После рассмотрения этих вопросов приведены соответствующие выводы.

Abstract

The political science, as well as any science, has the history of emergence, formation and development. Without studying of history of political thought the analysis of modern political processes and the phenomena is impossible. Following the principle of historicism, we will consider ideas of the brightest representatives of political thought, Platon, Aristotle, al-Farabi, their judgments about the state device, board art. Ideas existing then of a public order at some features and distinctions proceeded their thesis about divine character of the power and situation that the state is a component of a world space order. The comparative analysis of representations of Platon, Aristotle, al - Farabi concerning questions of board, social hierarchy, a private property is presented in this article. On consideration of these questions the corresponding conclusions are given.

Түйінді сөздер: мемлекет, билік, басқару, әлеуметтік теңсіздік, білім.

Ключевые слова: государство, власть, управление, социальное неравенство, учение.

Key words: state, power, management, social inequality, studies.

1. Кіріспе.

Қазақ халқының рухани мұрасы саяси ой-пікірлерге де бай екені мәлім. Оның ішінде ең шоқтығы биігі ислам фәлсафасының негізін салушылардың бірі – біздің қандас бабамыз ұлы ойшыл әл-Фараби ойлары.

Қазақтың бірінші фәлсафашысы, әлеуметтанушысы, математигі, физигі, астрономы, ботанигі, логика және тіл маманы, музыка зерттеушісі *Әбу Насыр Мұхаммед ибн Тархан әл-Фараби* 870–950 жылдары өмір кешті.

Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбектерінде орта ғасырлық араб философиясында саясат, мемлекет және билік пен құқық туралы ойлар жан-жақты талқыланды. Саясат, мемлекет және билік арасындағы айырмашылықтарға көңіл бөлмеген араб философтары бұл ұғымдарды синонимдер ретінде бағалап саясат пен саяси ілімнің басқа варианттарын (нұсқаларын) ұсынды. Саяси мәселелерді қарастыруда араб-мұсылман философиясы көп жағдайда ежелгі грек философиясына, әсіресе Платон, Аристотельдің көзқарастарына сүйенді. Саясат, олардың көпшілігі үшін өздері «қайырымды қала» деп ат қойған идеалды мемлекет істері туралы ғылым болып саналды. Мұндай қалалар ретінде олар бірге тұрған, мақсаттары бір, бір басшылыққа бағынған шағын қауымнан бастап Араб халифатына дейінгі адамдар қауымдастығын түсінді. Грек дәстүрлерін мұсылманның саяси өмірімен байланыстыру араб-мұсылман философиясының барлық тармағында өз белгісін қалдырды.

2. Талқылау.

Араб саяси философиясының атасы атанған әл-Фараби саяси теория қайырымды басқаруды сақтау мен оны ұйымдастырудың тәсілдерін, қала тұрғындарына қайырымдылық пен игіліктің қалай келетіндігін және бұл нәтижеге қандай жолмен жетуге болатындығын оқытып үйретеді деп атап көрсетті.

Әл-Фараби бабамыз ғылымның сан саласы бойынша 160-тан астам трактаттар жазып, артына мол мұра қалдырды. Саясаттануға байланысты «Қайырымды қала тұрғындары көзқарастары туралы», «Азаматтық саясат», «Бақытқа жету жолдары», «Саясат туралы» деген еңбектері бар.

Әл-Фараби саяси көзқарастарын «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Мемлекет билеушілерінің нақыл сөздері» және «Азаматтық саясат» трактатында кеңірек баяндайды.

«Бақыт – әрбір адам ұмтылатын ұлы мақсат» екендігін атап көрсеткен әл-Фараби бақытқа білім мен игілік нәтижесінде ғана қол жеткізуге болатынын, ал ондай мүмкіндік қайырымды қала тұрғындарында көбірек болатындығын дәлелдейді.

Араб-мұсылман философиясы көп жағдайда ежелгі грек философиясына, әсіресе, Платон, Аристотельдің көзқарастарына сүйенді.

Бұл философияға саясат «қайырымды қала» деп ат қойған идеалды мемлекет істері туралы ғылым болып саналады.

Ендеше, әл-Фараби тұжырымдары мен Платон, Аристотель ойларының үндестігі мен айырмашылықтарын саралап көрейік:

1) Билеушіге тән қасиеттер.

Әл-Фарабидің идеалды «қайырымды қаласының» басшысында алты түрлі мінсіз қасиет болуы шарт еді. Олар: даналық, асқан пайымдылық, сенімділік, ойлау қабілетінің жоғары болуы, соғыс өнерін жетік білуі, денсаулығының мықты болуы.

Ал Аристотель саяси биліктің басында адам емес, керісінше, заң тұруы керек деп есептеді. Себебі, әкім қаншалықты жақсы болғанымен сезімге, ашу-ызаға берілмей қоймайды, ал заң болса байсалдылығын, парасаттылығын жоймайды. Бұл көзқарасқа қарасақ, ғұлама адами қасиеттерді теріске шығарғандығын көреміз. Мемлекетті басқару үшін басшы заңға бағынуы тиіс.

2) Билеудің алқалық түрі.

Әл-Фараби: «жақсы қасиеттердің бәрін өз бойында ұштастыратын адам болмаса, бірақ бұл қасиеттер бір топ адамдардың арасында жеке-дара дарыған болса, онда бұл топтың мү-

шелері бірлесе отырып, әкімнің орнына ие болады, оларды жұрт жақсы басшылар және қадірлі адамдар деп атайды, ал олардың басқаруы қадірлі адамдардың басқармасы деп аталады», – деп, билеудің алқалық түріне сипат береді әрі оны мақұлдап кетеді.

3) *Басқару түрі, мемлекет түрлері.*

Басқару түрін сипатына қарай әл-Фараби төмендегідей етіп екіге бөледі:

I. Нағыз бақытқа жеткізетін моральдық белгілер мен өмірдің әдістерімен орнатуға бағытталған; мұндай басқарудағы мемлекет *қайырымды мемлекет* және мұндай басқарудағы қала да, оның халқы да қайырымды болады.

II. Басқару бойынша білімі жағынан кенжелеу *қайырсыз мемлекет* болады; бұл мемлекеттің қала тұрғындары да қайырымсыз, мәдениетсіз, білімсіз болады.

Осы тұрғыдан алғанда, есімізге грек ғұламасы Аристотельдің мемлекетті «*дұрыс*» және «*дұрыс емес*» деп бөліп, оларға берген сипаттамасы түседі. Ол мемлекеттің дұрыс түріне монархияны, аристократияны және полицияны жатқызады. Ал тирания, олигархия мен демократияны мемлекеттің бұрыс түрі деп санады. Мемлекеттің дұрыс түрінде әкімдер халық, ел пайдасын ойлайды, билік қоғамға қызмет етеді. Ал бұрыс түрінде олар өз бастарының пайдасын ойлайтын көрінеді.

Платон болса, мемлекеттік құрылысты 5 түрге бөлді: *аристократия, тимократия, олигархия, демократия және тирания*. Бұлардың ішінде ең жақсысына аристократиялық мемлекетті жатқызады. Онда ақыл-естілік, парасаттылық билейді, оның принциптері – адамгершілік, абырой, ар-намыс деп санады.

4) *Мемлекет, мемлекеттің мүддесі.*

Әл-Фарабидің ой-пікірлерінде:

1. Әл-Фараби қоғамды мемлекеттен бөліп қарамайды. Қоғамның өзі адамның ағзасы сияқты «Қайырымды қала» дене мүшелерінің бәрі де тіршілік иесінің өмірін сақтау, оны анағұрлым толыққанды ету үшін бір-бірін толықтырып тұратын адамның сау тәні секілді көрінеді. Өйткені, *қоғам да оның толыққанды мүшелерінен тұрады және олар да бір-бірін қажетсінеді*.

Әрбір *отбасын қоғамның* кішкене бөлшегі ретінде қарастырған әл-Фараби оның өзінің жеке мақсаты болады, бірақ бұл мақсат қала белгілейтін ортақ мақсатқа қызмет етуі тиіс, яғни адамдар өзінің жеке мүдделерін қоғам мүдделеріне бағындыруы керек дегенді айтады.

2. Әл-Фараби мемлекет тұрғындарының басты мүддесі «*бақытқа жету*» деп тұжырымдайды. «Адам үйлесімді өмір сүру үшін бақыт қажет» – деді Фараби. Ол Платонның соңын ала бақыт неден тұрады, оның табиғаты қандай? деген сұрақ бойынша жауап іздеді. «Бақыт – әрбір адам ұмтылатын ұлы мақсат» екендігін атап көрсетіп, бақытқа білім мен игілік нәтижесінде ғана жетуге болады, ал ондай мүмкіндік қайырымды қала тұрғындарында көбірек болатындығын дәлелдейді. «Бақытқа жету» еңбегінде ол «бақыт дегеніміз игіліктердің ішіндегі ең қадірлісі, ең үлкені және ең жетілгені» деп атап көрсетеді және әр адамның оған толық құқығы бар дейді. Ал ондай құқыққа ие болуға қайырымды қала тұрғындарының ғана мүмкіндігі бар, сондықтан да қайырымды билеушілер билеген қала тұрғындары ғана бақытқа жете алатындығын айтады. Мұндай қалалардың басқа қалалардан басты айырмашылығы және негізгі белгісі жоғары тәртіп пен оның тұрғындарының мәдениеттілігі, сыпайыгершілігі және билеушілерінің қайырымдылығы, ақыл-парасаты. Сондықтан, әл-Фараби бұндай қалалардың өмір сүруі өзінің білгірлігі мен ұстамдылығына толық жауап бере алатын билеушіге тікелей байланысты деп тұжырымдайды.

Аристотельдің көзқарастарына назар аударсақ:

1. Аристотельдің ойынша, *мемлекет – қауымның* дамыған түрі, ал *қауым – отбасының* дамыған түрі. Мемлекетке адамдар белгілі бір *игілікке жету* үшін бірігеді.

2. Грек ойшылы, өз кезегінде, саясатты адам мен мемлекеттің жоғарғы игілігі, оның мақсаты – адамды, мемлекетті жақсы тұрмысқа, молшылыққа, бақытқа жеткізу деп білді. Ол саясаттың астарын кеңейтіп, оған этиканы да, экономиканы да енгізген болатын. Яғни, мем-

лекет пен оның халқының мүддесі *игілікке жету* болса, ол белгілі бір саясатты ұстанумен бірдей болғаны.

Платон пікірлерінде:

1. Адамдардың біреулері егіншілікпен, екіншілері тігіншілікпен, үшіншілері құрылысшылықпен, төртіншілері етікшілікпен және т.с.с. айналысады. Сөйтіп, олардың бәрі бірігіп қана қажеттіліктерін өтейді. Осы *бірігудің арқасында қоғам, мемлекет* пайда болады.

2. Платонның ойынша, адамдар *қажеттіліктерін жеке-дара өтей алмайды*. Олар өмір сүру үшін тамақ, киім өндірулері, үй салулары және т.т. жасаулары керек.

5) Қала тұрғындарының топтары.

1. Бұл жағынан келгенде әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы» трактатында қала тұрғындарын бес топқа бөледі. Оның пайымдауынша қайырымды қала тұрғындарын бес түрлі адамдар тобы құрайды. Олар:

а) ең құрметті адамдар (ақылдыларды, пайымдағыш адамдарды, маңызды істерде белдегіге ие болғандар);

ә) шешендер (діни қызметкерлер, ақындар, музыканттар, хатшылар, сол сияқты шығармашылық жұмыспен айналысатындар);

б) өлшеушілер (есепшілер, дәрігерлер, астрологтар, математиканы оқытушылар);

в) жауынгерлер;

г) байлар (қалада байлық табатындар, егіншілер, мал өсірушілер, саудагерлер, қолөнершілер).

2. Ал Платон: «мемлекет адамдарды алаламай, байына да, кедейіне де, азына да, көбіне де қарамай – бәріне бірдей әділ қызмет етуі керек», – дей отырып, адамдарды төмендегідей үш үлкен әлеуметтік топқа (сословиеге) бөледі:

а) әкімдер (табиғатынан шындықты, ақиқатты, игілік идеясын саралап, танып-білуге қабілетті, икемді фәлсафашылар);

ә) қорғаушылар (әкімдердің ой, ниеттерін іске асыратын мемлекетті қорғаушылар);

б) өндірушілер (егіншілер мен қолөнершілер).

б) Адамдардың әлеуметтік теңсіздігі жөнінде.

Әлеуметтік теңсіздік туралы айтқан әл-Фараби «адамдардың әуелден тоқымашы немесе хатшы болып тумайтыны сияқты қайырымдылық пен жаман әрекеттер де әуел бастан жаратылысынан дарымайды» олар адамдардың бір-біріне деген үстемдік құруға ұмтылысынан пайда болған деген ой түйеді.

«Әр топ өзіне тиісті қызметті атқаруы керек. Сонда ғана әділдік орнайды. Бір таптан екінші тапқа (әсіресе, төменгі таптан жоғарғы таптарға) өтуге болмайды. Қай сословиеге тусаң, соның өкілі боласың». Адамдарды осылай жіктей келе, Платон оларды тым бай немесе өте кедейлікке жібергісі келмеді. Себебі, мұндайда қоғамда ортақ мүдде **орнамайды. Сондықтан орта деңгейді ұнатты.**

7) Мемлекеттің қамқорлығы.

Әл-Фараби: «мемлекеттің пайда болуына тіршілік үшін күрес айтарлықтай ықпал етеді, сондықтан адамдарды бір-біріне көмектестіріп, барлық жұрттың жақсы тұрмысына қам жеп, қамқорлық жасаған мемлекет қана өз міндетін атқара алады» дейді.

Халықтың аз қамтамасыз етілген топтарын мемлекеттік қолдау туралы бұдан мың жылдан астам бұрын айтылған ғұлама идеясы бүгінгі күні де мемлекеттің ішкі саясатындағы басты міндеттердің бірінен саналады.

Платонның ілімінде отбасыларға көмек меншіктің қоғамдық түрі орнаған күнде жүзеге асырылатын іс болды. Себебі жеке меншігін мемлекетке өткізген әкімдер мен жауынгерлердің әйелдері мен балалары да ортақ болады. Оларды мемлекет өз қамқорлығына алуға тиіс.

«Бақыт – әрбір адам ұмтылатын ұлы мақсат» деп атап өтіп, адамның шын бақытқа қол жеткізуі тек осы дүниеде ғана мүмкін екендігіне назар аударған әл-Фараби, адамдар өзін-өзі жетілдіруі және қиындықтан қашпауы тиіс дейді. Оның айтуынша, адам өміріндегі «жақсы-

лық» пен «жамандық» құдайдан емес, адамдардың күнделікті белсенді әрекетіне ғана байланысты. Адамның табиғи қабілеті жақсы әдетті де, жаман әдетті де істеуге бірдей мүмкіндік береді, ал оны таңдау адамның ізгілікті мінез-құлқына келіп тіреледі. Сондықтан да адамның жақсы істерге үйір болуы оның мінез-құлықтық жетілуіне де тәуелді.

Бүкіл араб саяси философиясында саясатқа көзқарас оның адамгершілік мазмұнымен сипатталады. Осы жағынан алып қарағанда саясат «саяси адамгершілік философиясы» ретінде көрінеді. Сондықтан әл-Фараби саясаттың басты мақсаты адамдарды бақытқа жеткізу, игілікпен жеткізу деп санайды.

Адамдардың рухани жетілуінде де дін мен философияны салыстырған әл-Фараби, философия дәлелдеуді, дін сенуді қажет етеді, бірақ екеуі де адамдардың ақиқатқа жету жолына көмек бере алады дейді. Философия мен дінді, әсіресе этиканы жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым ретінде қараған ол, адам баласын жаратылыстың ең құндылығы, сондықтан да адамдар арасындағы өзара құрмет пен мейірбандықты, сыйлас-тықты жоғары қояды.

Адамның шын бақытқа қол жеткізу тек осы дүниеде ғана мүмкін екендігіне назар аударған әл-Фараби, адамдар өзін-өзі жетілдіруі және қиындықтан қашпауы тиіс дейді. Оның айтуынша, адам өміріндегі «жақсылық» пен «жамандық» құдайдан емес, адамдардың күнделікті белсенді әрекетіне ғана байланысты. Адамның табиғи қабілеті жақсы әдетті де, жаман әдетті де істеуге бірдей мүмкіндік береді, ал оны таңдау адамның ізгілікті мінез-құлқына келіп тіреледі. Сондықтан да адамның жақсы істерге үйір болуы оның мінез-құлықтық жетілуіне де тәуелді.

3. Қорытынды.

Сонымен, әл-Фараби тек шындық мәнге ие ғылым ғана, теориялық философия ғана ел билеуші әкімдерді игі істерге жетелейді, сол арқылы, мемлекетті басқару ісін шыңына жеткізуге мүмкіндік беретінін алға тартады. Бұдан байқайтынымыз: Фараби діни көзқарастарға ашық қарсылық көрсетпегенімен, ол ғылым мен білімді діннен айтарлықтай жоғары қояды. Ғалымның ілімі негізінен діни идеологияның іргетасын шайқауға бағытталған. Ол халықтың моральдық және интеллектуалдық жағынан өркендеп өсуін қалайды, соған шақырады, онысымен адамның бақыты о дүниеде дегенді көздемеді, адам атаулының бәрі бұл дүниеде оқысын, үйренсін, еңбек етсін, жетілсін дегенді арман етті.

Бүкіл араб саяси философиясында саясатқа көзқарас оның адамгершілік мазмұнымен сипатталады. Осы жағынан алып қарағанда саясат «саяси адамгершілік философиясы» ретінде көрінеді. Сондықтан әл-Фараби саясаттың басты мақсаты адамдарды бақытқа жеткізу, игілікпен жеткізу деп санайды. Қайырымды қаланың орнығуында әл-Фараби мұсылман құқығының принциптерін талап етпейді, оны ақыл-парасаттың дамуы мен қайырымдылықтың нығайымен байланыстырады. Ол тұжырымдаған жағдайдың бәрінде мұндай қала билеушілері моральдық-этикалық қалыпқа сай болып келеді, олардың ешқайсысының исламға тікелей қатысы жоқ. Бірақ Араб халифаты заманында өмір сүрген әл-Фараби өзінің зерттеулерінің тақырыптық шеңберінде саясатты мұсылман құқығы доктринасымен, діни догматикасымен бір қатарға қояды. Дегенмен, грек философиясының ықпалын терең сезінген ол бұл бағытта түбірлі бетбұрыс жасамайды.

Әл-Фараби қаланы билеудің алқалық түрін де жоққа шығармайды. Биліктің бұл түрі туралы ол былай деп жазады: «Жақсы қасиеттердің бәрін өз бойында ұштастыратын адам болмаса, бірақ бұл қасиеттер бір топ адамдардың арасында жеке-дара дарыған болса, онда бұл топтың мүшелері бірлесе отырып, әкімнің орнына ие болады, оларды жұрт жақсы басшылар және қадірлі адамдар деп атайды, ал олардың басқаруы қадірлі адамдардың басқармасы деп аталады».

Грек философиясын мұсылман құқығы, діні және құқықтық теориясымен байланыстырып, одан саясат туралы жалпы ілім жасауға талпыну бұл ілімнің діни-мұсылмандық сипатын білдірмейді. Әл-Фараби саясат туралы ілімді мұсылман құқығымен, догматикасымен салыстыру арқылы олардың құдайлық бастауы туралы ұқсастығын емес, бұл ілімдердің адам

іс-әрекеті мен мінез-құлқындағы әртүрлі жақтарға тигізген әсерінің мәнін атап көрсетеді. Әл-Фарабидің саясат туралы айтқан құнды ойлары Араб шығысы мен Орта Азия елдерінде саяси-құқықтық ілімнің одан кейінгі дамуына өз ықпалын тигізе алды. Оның саяси-құқықтық идеялары орта ғасырлық және жаңа заман ойшылдарының еңбектерінде көрініс тапты.

Әдебиет тізімі

- Алтаев Ж. Әмбебап әл-Фараби // Ақиқат. – 1994 ж., желтоқсан. 74–78 б.
Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – Алматы: «Рауан», 1995.
Жамбылов Д. Саясаттану. – Алматы: «Жеті жарғы», 2005.
Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: «Ана тілі», 1991.
Мусин Ч. Қазақстан тарихы. – Алматы: «Дәуір», 2003.

УДК 81-26

POSSESSIVENESS IN THE ENGLISH LANGUAGE

Данилова В.В.,
магистр педагогики и психологии,
старший преподаватель, КГПИ
Каримбаева А.А.,
студентка 4 курса, КГПИ,
г. Костанай, Казахстан

Аннотация

Мақала ағылшын тілінің тәуелдік септікте түрлену мәселелеріне арналған. Авторлар тәуелдік септіктің түрлеріне назар аударады. Олар тәуелдік септіктің аналитикалық және синтетикалық түрлерін көрсетеді. Зерттеудің практикалық маңызы ағылшын тіліндегі Elizabeth Gilbert «Eat, Pray, Love» атты заманауи туындыны тәуелдік септіктің аналитикалық және синтетикалық түрлерін салыстыру негізінде анықталған.

Аннотация

Данная статья посвящена проблеме притяжательного падежа в английском языке. Авторы указывают типы притяжательного падежа и способы его выражения – аналитический и синтетический. Практическая значимость исследования состоит в сопоставительном анализе аналитического и синтетического видов притяжательности на основе современного английского произведения Elizabeth Gilbert «Eat, Pray, Love».

Abstract

The given article is devoted to the problem of possessive case in the English language. The authors identify the types of possessive case as well as the ways of its expression – analytical and synthetical. Practical value of the research consists in comparative analysis of analytical and synthetical types of possessiveness on the basis of modern English prose Elizabeth Gilbert “Eat, Pray, Love”.

Түйінді сөздер: тәуелдік септік, тәуелділік, аналитикалық түрі, синтетикалық түрі.

Ключевые слова: притяжательный падеж, притяжательность, аналитическая форма, синтетическая форма.

Key words: possessive case, possessiveness, analytical form, synthetical form.

1. Introduction.

Every language has a mechanism for expressing possession, within a noun phrase and within a clause. Some languages have a dedicated, possessive, construction. Others express possessive meanings through a more general, 'associative', noun phrase. The nature of the Possessor (Pr), of the Possessee (Pe), and of the Relationship between them (PRel) underlies the gamut of cross-linguistic variation. These are intertwined.

Just as every language has a way of expressing possession and similar relations, every society has a way of conceptualizing ownership, and concomitant relations of association and identification. The linguistic expression of possession and ownership often has overtones of power, and control.

In this regard the research of such important type of the relations as possessiveness, gains the special importance as, first, opens a wide range of opportunities of language in the characteristic of these relations; secondly, helps to understand interrelation subtleties in consciousness of the person of the possessive relations and their verbal representative; thirdly, promotes development of the effective instrument of harmonization of interaction between people – at least in aspect of verbalization and interpretation of the relations of possessiveness, satisfying both parties.

2. Materials and methods.

Research supposition consists in the following: examples of expression of possessiveness as *morpheme* - 's(synthetic) and by means of a *pretext of* (analytical) are not equivalent in all cases, sometimes the meaning of the expression with such replacements can be changed considerably.

The material of our research is the novel of modern English author: Elizabeth Gilbert "Eat, pray, love"

Research methods: theoretical - method of the component analysis, systematization, induction; practical - root analysis, qualitative and quantity analysis and functional analysis.

The possessive nominations possess ability to express various meanings, for example, "part, an element of the whole", "abilities", "the social relations", "action", "authorship" and many others. Thus for business communication within a legal framework the pragma-semantic sense plays an important role, in particular that sense of «property". It is formed by the common nouns of concrete subject semantics expressing object of the possessive relation and designating property, for example, by property, ownership, land, house, plant, company, automobile, jewelry, and concretized as "real estate" , "personal estate" and "the capital belonging to the subject" (Daniel Jettka, 2010).

The possessive relation in modern English is represented in language levels Morphological level is presented by **genitive case of a noun and a construction (N's+N)**.

To lexical level we refer verbs denoting possession, for example: to have, to possess, to own, to belong

Syntactic level is presented by construction with of (N of N) (the kindness of the Muellers), a construction with with (N with N) (a man with a small head), a construction: possessive pronoun + a noun (Pos. Pron. + N) (his dignity), construction: noun + noun (N+N) (law student) (Anttila, A., 2004).

In this work we consider 2 ways of expression of possessiveness- analytic and synthetic Synthetical –is formed within the frames of the basic element (word, group of words) by adding some element ('s/').

Analytic-with of-phrase

Here you can see the suggested classification on the basis of learned theory (Kobrina)

- Belonging.
- Denoting relations.
- Measure.
- Part of the whole.

They have following functions of denoting.

- Origin of material.

- Geographic location.
- Blood relations.
- Social relations.
- Quality.
- Object-subject relations.
- Authorship.
- Object relations.

3. Analysis.

The material of our analysis is the modern novel of Elizabeth Gilbert “Eat,pray,love”. This novel is full of interesting psychological characters and also we face with problems of our time.

The book consists of 108 chapters

22 chapters (35 pages) are taken for the analysis

66 examples of sentences are analysed

Let's consider examples on synthetic way

All it really means is that we meet a few evenings a week here in Rome to practice each other's languages.

Classification: **belonging**.

Function: **the attributive function**, as the language cannot be a property of a person, but characterize and specify him under national identity.

The replacement is **impossible**, as with morpheme-s it has some property of an attribute.

I mean we're pressed up against each other's bodies beneath this moonlight... and of course it would be a terrible mistake.

Classification: **belonging**.

Function: **of ownership under “subject-object” criterion**, a person owns his body (viewed as part of the whole).

The replacement is **possible, but not desirable**.

My mother's family were Swedish immigrant farmers,

Classification: **relation**.

Function: **blood relations, denoting family system**.

The replacement is **possible**.

I heard my ex-husband's voice speaking disdainfully in my ear: So this is what you gave up everything for?

Classification: **part of a whole**.

Function: **objective relations**

The replacement is **possible**.

Another long night's sleep ahead of me, with nobody and nothing in my bed except a pile of Italian phrasebooks and dictionaries.

Classification: **measure**.

Function: **the specifying of an object quality** (long night's sleep).

The replacement is **impossible**, as with morpheme-s it has some property of an attribute.

Examples with of phrase-analytic way

In the flickering, candlelit shadows of the Roman cafe, it was impossible to tell whose hands were caress.

Classification: **belonging**.

Function: ownership is expressed in **objective relations**, as the shadow belongs to cafe. Also we may say about **origin**.

The replacement is **possible, but not justified and equal**.

This part of my story is not a happy one, I know.

Classification: **part of a whole**

Function: **expression of a part of a whole** at the subject relations level.

The replacement is **possible, but not justified**

We had more fun waiting in line together at the Department of Motor Vehicles than most couples have on their honey-moons.

Classification: **relations**.

Function: **Expression of objective relations**

The replacement is **possible**, but not used in such situations.

And she's a really responsible, practical woman – a mother of five from Australia.

Classification: **relations**.

Function: **blood relationship**.

The replacement is **impossible** as we lose the meaning.

My guilt at having left him forbade me from thinking I should be allowed to keep even a dime of the money I'd made in the last decade.

Classification: **measure**.

Function: **Subject-object relations**.

The replacement is **impossible**

4. Results.

We came to the following results

We analysed 66 sentences and within them found 43 examples on analytic way and 30 examples on synthetic.

According to the classification there are 31 examples of relations, 21 of belonging, 19 examples denoting part of the whole and 2 of measure.

Distribution under function origin or material-1 example, geographic location-1, blood relations-4, social relations-5, quality-13, subjective relations-5, attributive 6, objective relations-21.

The possibility to replace morpheme-s with of-phrase

Equal replacement is possible	11
Equal replacement is impossible	9
Replacement is possible, but would lead to the shifting of meaning (not equal)	9

The possibility to replace of-phrase with morpheme-s

Equal replacement is possible	14
Equal replacement is impossible	20
Replacement is possible, but not desirable	7

5. Discussions.

Examples of possessiveness expression with *morpheme-s* are more stable and not often could be equivalently replaced with *of-phrase*. The examples with *of-phrase* have more opportunities in number (but not also always) to be replaced with *morpheme* – 's. Sometimes the replacements are possible, but would lead to meaning shifting and "awkward-to-sound" effect. So, our hypothesis, that analytical and synthetic means of possessiveness expression cannot be always equally replaced, has been proved.

We defined, that possessive noun phrases can usually describe:

(A) ownership (of property);

(B) whole-part relations, including body parts and plant parts;

(C) kinship relations, covering (C1) blood or consanguineal relations, such as 'mother' or 'father' and (C2) affinal relations, such as 'spouse'.

6. Conclusion.

Possessive constructions vary depending on the meanings of the Possessor, the Possessee and the Possessive relationship. In the majority a Possessor tends to be animate, or human. A content interrogative often refers just to an animate Possessor. The Possessor is often expressed with a personal pronoun or a proper name (Dixon R., 1991).

The English possessive *-s* clearly began life as an affix, and was still a genitive case morpheme in Old English, existing alongside a variety of genitive case allomorphs distributed according to declensional class. Gradually, the *-s* morpheme spread at the expense of other morphemes (Bittner M., 1996).

After finishing our research, we came to the following conclusions.

The terms, 'possession' is somewhat ambiguous. The term "possession" is more or less equivalent to "ownership". In traditional grammatical usage "possession" and "possessive" are construed much more broadly. The linguistic expression of 'possession' within a noun phrase can be viewed as one of the realizations of a broader concept of association or relationship between two nouns or there may be one or more dedicated possessive noun phrase types which cover the core meanings associated with Possessive relationship.

As for functional specifics of the objects, involved in possessive relations most adequately is revealed from the positions of functional lingua - synergetics.

Lingua – synergetics studies language (speech) as not- limited difficult nonlinear self-organizing pragmatic system. In other words, it develops the theory of systemacity of the language and the speech in dynamic aspect. Systemacity is a basic property of the language and the speech thanks to which, even at all variety of speech constructions, implementation of speech communication and mutual understanding between people are possible.

Creation of possessive sense depends not only on semantics of the units expressing subject and object of the possessive relation, but also on discourse system as a whole, and also extralinguistic factors (for example, background knowledge of participants of communication). Interpretation of possessive sense is interesting to that for its formation some cure both one, and different language levels can be used. Semantic types of possession, as we have shown are as follows: Inalienable possession, Alienable possession, Noun-noun compounding.

As for modification, it is a change undergone by a word when used in a construction under influence of another dependent, included in a phrase. We presented the basic semantic characterization of adnominal dependents, excluding quantifiers and determiners: Modification-By-Noun, Attributive modification, Relational adjectives.

Having analyzed the examples from the novel «Eat, Pray, Love» we obtained the following results:

As for the quantitative rate of the analytical and synthetic ways of possession expression, we see, that analytic ways of possession expression – *of-phrase* in our collection of the examples prevail. They are more popular, as they have more flexible structure and could be added not only to a word, but a phrase, word combination, composite words and sentences and besides, could be used doubly in one sentence in succession. As for the '*s*' – it is used with more, then one word very rare, as a rule it is added to a single word.

As for the classification of the character of such possessive expressions, they have been distributed under following criteria:

- Relations.
- Belonging.
- Part of a whole.
- Measure.

The majority of the examples belong to the group of "relation". Within a sentence, as a structure, when expressing possessiveness the main word and subordinate one enter into different interconnections, that are presented by social, blood, subjective and objective relations. So this group is more wide. At the same time, other groups are more limited by only one feature (belonging or ownership, part of a whole, measure).

As for the functions of the possessive phrase – objective and subjective functions are the most frequent, as the components of the possession model usually treat each other as a subject and an object and it depends which of them goes the first.

Also in our analyses we touched the question of a possibility to replace the analytical way by synthetical or vice versa, according to our hypothesis. Examples of possessiveness expression with morpheme-s are more stable and not often could be equivalently replaced with of-phrase. The examples with *of-phrase* have more opportunities in number (but not also always) to be replaced with morpheme –s. Sometimes the replacements are possible, but would lead to meaning shifting and “awkward-to-sound” effect. So, our hypothesis, that analytical and synthetical means of possessiveness expression cannot be always equally replaced, has been proved.

Perspective of the work. The work could be continued as the attention could be paid not only to the possibility of transferring/non-transferring of the possessiveness, but also to other features of such structures and as a variant to compare the methods of possession constructing in different languages, so called “a cross linguistic analyses”.

References

- Anttila, A. & Fong, V., 2004. Variation, ambiguity, and noun classes in English. InLingua, Vol. 114.
Bittner, Maria and Ken Hale. 1996. The structural determination of case and agreement. Linguistic Inquiry 27.
Daniel Jettka. Variation in English possessives, University of Dublin, Hilary Term, 2010.
Dixon, Robert M. W. 1991. A New Approach to English Grammar, on Semantic Principles. Oxford: The Clarendon Press.

УДК 82:81–26

АҚЫН ЖҰМЕКЕН НӘЖІМЕДЕНОВ ПОЭЗИЯСЫ ТІЛІНДЕГІ ТЕҢЕУДІҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ

Есіркепова К.Қ.,
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент, ҚМПИ
Қанапина С.Ғ.,
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент, ҚМПИ
Урустемова Ф.Д.,
3 курс студенті, ҚМПИ
Қостанай қ., Қазақстан

Аннотация

Ғылыми мақала поэтикалық мәтін тіліндегі теңеудің қолданыс ерекшелігін анықтайды. Мақалада ақын Жұмекен Нәжімеденовтің өлендеріндегі теңеу қолданысы анықталады. Теңеудің зерттелу жайына да шолу жасалған.

Аннотация

В статье рассматриваются стилистические особенности сравнения в поэзии Ж. Нәжімеденова, а также раскрываются особенности значения слов-сравнений и виды сравнений в казахском языке.

Abstract

In article stilitichesk features of comparison in Zh.Nazhmedinov's poetry are considered. Also features of value of slovar-comparisons and types of comparisons in the Kazakh language reveal.

Түйінді сөздер: ой, қара, ақ, теңеу, ақын тілі, стильдік қызмет.

Ключевые слова: мысль, языковые особенности, стиль поэта, образность.

Key words: thought, language features, style of the poet, figurativeness.

1. Кіріспе.

Тұңғыш тереңдігімен тартып әкететін Жұмекен Нәжімеденов жырлары қазақ поэзиясының бір кәусары. Өйткені ол сөздің сөлін сыға, мүмкіндігін, сарқа пайдаланған ақын. Поэзия биігінде өзіне лайық ер шыңы бар мол дарын иесіне деген халық құрметі ешқашан бәсең тартпақ емес.

Асқақ тұлғалы Жұмекен Нәжімеденов қазақ әдебиетінде өзіндік қомақты орны бар, поэзияға жаңаша өрнектер мен айшықтар енгізген, өлең логикасына өзінше қараған, қазақ поэзиясының мазмұнына да, пішініне де жаңалықты батпандап енгізген, өз шығармашылығымен қазақ әдебиетін бір сатыға көтерген ақын.

2. Талқылау.

Белгілі бір халықтың көркем әдебиеті басқа халықтардың әдебиетінен, ең алдымен, өзінің образдар жүйесімен, сөз бейнелеу тәсілдерімен ерекшеленеді. Әдебиеттегі образдар жүйесі және сөз бейнелеу тәсілдері – ұлттық характердің ең басты көрсеткіштері. Бұларсыз ешбір ұлт әдебиеті өмір сүре алмайды. Көркем әдебиет үшін, әсіресе, ұлттық тілдің маңызы зор.

Түрдің өзінің көріну тәсілдері, жүзеге асу жолдары, өмір сүру заңдылықтары болады. Сол түрдің көріну тәсілдерінің бірі – теңеу категориясы. Теңеу категориясы – бүкіл бейнелеу, көркемдеу тәсілдерінің ішіндегі ең бастысы, ең пәрмендісі. Бейнелеу тәсілдерінің барлығы да бастауын осы теңеуден алады (Қоңыров Т., 1978., 3 б.).

Әдеби тілге үстеме мағына беріп, оның көркіне көрік қосатын, сол арқылы әдеби шығарманың мазмұнын құнарландырып, пішінін ажарландыратын көркемдеу құралдарының бірі- *теңеу* (орысша **сравнения**). *Мұнда суреткер заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей- ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттейді.* Сонда бұлар туралы оқырман түсінігі айқындалу үстіне тереңдейді де, өнер туындысының эстетикалық әсері күшейе түседі.

Теңеуді шығу тегінен бастап стилистикалық қызметіне дейін зерттеу жүргізген орыс ғалымдары А.Г. Рубайло, А.Н. Веселовский, Б.В. Томашевский т.б. еңбектерінің ғылыми маңыздылығы зор.

Қазақ тіл білімінде теңеу жан – жақты зерттелген. Қазақ тіл білімінің тұңғыш зерттеушісі А. Байтұрсынов «Теңеу заттың, құбылыстың ерекше белгілерін көрсетпей – ақ, оны басқа затпен, құбылыспен салыстыра суреттейді» деп көрсетеді.

М. Серғалиев «теңеудің стильдік қызметі әр алуан, бір ыңғайда, негізінен аз сөзге көп мағына сыйғызуды мақсат етсе, тағы бір жағдайда автордың астарлап сөйлеуіне мүмкіндік береді. Сол астарлап сөйлеудің өзі жинақылықтың арқасында болып отырады» деп, теңеудің көркем әдебиет тілінде алатын орнын айқындайды.

Қазақ тіл білімінде теңеуге толық талдау жасаған ғалым – Т. Қоңыров. «Қазақ теңеулері» атты ғылыми монографиясында теңеудің бүкіл лингвистикалық болмысын: жасалу жолдары мен синтаксистік құрылымын, түрлерін жан – жақты қарастыра отырып, теңеуге мынадай анықтама береді: «Теңеу дегеніміз – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемдік, эмоционалды – экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы» (Қоңыров Т., 1978, 8 б.).

Қазақ теңеулерінің грамматикалық табиғаты жөнінде пікірлер (зерттеулер) жоқтың қасы. Дегенмен, кейбір оқулықтар мен монографиялық зерттеулерде белгілі бір ақын – жазушының шығармаларындағы теңеулер және олардың жасалу тәсілі жөнінде айтқан бірлі – жарым пікірлер жоқ емес.

Ғалым Қ. Жұмалиевтің пікірі бойынша, қазақ теңеулерінің жасалуының үш түрлі тәсілі бар: бірінші, -дай, -дей, -тай, -тей, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін жұрнақтары арқылы, екінші, -ша, -ше жұрнағының көмегімен, үшінші – секілді, сияқты, тәрізді сөздері. Қ.Жұмалиевтің бұл пікірі дұрыс болғанымен, теңеудің жасалу тәсілдерін түгел қамти алмайды. Қол-

да бар қыруар материалды сұрыптай келгенде, қазақ тіліндегі теңеулердің жасалуының төмендегідей жолдары бар екені анықталды:

1. **-дай, -дей, -тай, -тей, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін** жұрнақтарының көмегімен;
2. **-ша, -ше** жұрнағының көмегімен.
3. **Шығыс септігі жалғауының (-нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен)** көмегімен.
4. **Секілді, сияқты, тәрізді, іспетті** сөздерінің көмегімен.
5. **Бейне** сөзінің көмегімен.
6. **Тең** сөзінің көмегімен.
7. **Ұқсас** сөзінің көмегімен.
8. **Параллелизм тәсілі** көмегімен
9. Аралас тәсілдің (**бейне және -дай, -дей; бейне және секілді**) көмегімен.

Қосалқы тәсілдер көмегімен (Қоңыров Т., 1978, 10–11 б.).

Теңеудің синтаксистік құрылымы:

1. Жалаң теңеулер.
2. Күрделі теңеулер.
3. Толымды теңеулер.
4. Толымсыз теңеулер.
5. Бірыңғай теңеулер.
6. Болымсыз теңеулер.

Жалаң теңеулер – тек теңеу құрушы мүшелердің қосындысынан ғана тұрып, белгілі бір заттың, яки құбылыстың жалаң суретін жасайды. Мұнда күрделі ой жоқ, соған орай бұл теңеуде күрделі образ да болмайды.

Күрделі теңеулер – өзінің құрылысы жағынан күрделі, жалаң теңеуге қарама – қарсы құбылыс. Мұнда не образ (көбінесе образ), не зат немесе екеуі де өздеріне бүтіндей күрделі ұғымды негіз етіп алады да, соның нәтижесінде күрделі ойға негізделген, шытырман суретке құрылған, эмоциялық – экспрессивтік әсері күшті теңеулік образдар жасалады.

Бірыңғай теңеулер – бір сөйлемнің, бір күрделі ойдың құрамында бірнеше теңеулердің қатар келіп, бір сөйлем мүшесінің қызметін атқаруы.

Толымды теңеулер – теңеулік конструкцияның үш элементі (зат, образ, белгі) түгелдей болуы қажет. Бұл ұғымды алғаш енгізген Б.В. Томашевский.

Толымсыз теңеулер – толымды теңеулерге қарама – қарсы құбылыс. Мұның атынан да көрініп тұрғандай, толымсыз теңеуде бір мүше айтылмайды.

Болымсыз теңеу – бір затты екінші затқа теңегенде болымсыз ғана мағына шығарады (Қоңыров Т., 1978, 22–35 б.).

Мысалы:

1. Күн көзімен жалт етті де, құшты кеп,

Алатаудай кәрі шалды әлгі қыз. («Баурай бұлтты жаңа кешті баяулап», 9 б.).

Алатау – басын мұнар шалған, төбесінен ақ қар кетпеген, қысы-жазы ақ қар құрсауында қалып, аппақ болып мен мұндалайды. Алатаудың басын ақ қар басса, кәрі шалдың басын ақ шалады. Ақын кәрі шалды Алатауға теңеу арқылы, ол қарттың ұлылығын, даналығын ашып көрсетеді

2. **Сырындай мына даланың** ашылып келем, ашылып келем. («Шомылып мөлдір өзенге, 5 б.).

Дала – меңіреу әлем. Бар әлемге жар сала айқайласаң да жауап қатпайды. Сондықтан да меңіреу дала тіршілігінің сыры бірден ашыла салмайды. Ақынның ішкі әлемі де осы дала тәрізді. Бар қызығын шаша салмай, ішкі жан сыры меңіреу дала тәрізді біртіндеп ашылуда.

3. **Жас өмір гүлдей көктеді,**

Бұлбұлдай сайрап үш өлең. («Сол бір кеш тілге келгенде», 20 б.).

Көктеген гүлдің сән-салтанаты көз тартып, жұпар исі мұрын жарады. Адамның жастық кезеңі де дәл сол гүлдей...Жас өмірдің көңілді кездері, қызығы мол.

4. Саусағымнандағы өшпесе сияның

Күн нұрындай қуатта бар қиялым. («Менің үйім», 35 б.).

Бұл жерде ақын ақындық өнерден күш-қуаталатындығын, өмірлік серігі де осы өлең екенін аңғартады. Дүниедегі бар тіршілік атаулы күн нұрысыз өмір сүре алмайтындай, ақын да отты өлеңін өмірінің мәніне балайды.

5. **Ақша бұлттай** үлпілдейді тамағы,

аузын ашса-отырасың ән күтіп. («Күлімдеудің жоқ секілді керегі», 42 б.).

1. Простым прилагательным: *robe verte*, *chapeau noir*.
2. Сложным прилагательным: *les yeux bleu foncé*, *la mer bleu-vert*.
3. Адъективированным существительным: *fauteuil éléphant*, *habit ha-vane*.

4. Именным словосочетанием: *robe vert bouteille*.

Что же касается английского языка, то этот язык также обладает немалым количеством способов определения оттенков.

Если мы при описании чего-либо хотим показать насыщенность того или иного цвета на английском языке, мы можем использовать такие слова, как *светло-* / *темно,-* и добавить название цвета. Английским аналогом этих компонентов сложных слов будут соответственно *light-* / *pale* – для светлого и *dark-* / *deep* – для темного оттенков. Например:

Светло-зеленый – *light-green*

Темно-коричневый – *deep-brown*

В общем, оттенки цветов в английском языке образуются при помощи слов:

– *Dark* – темный. Example: *dark red car* (темно-красный автомобиль), *dark green color* (темно-зеленый цвет).

– *Light* – светлый. Example: *light blue sky* (голубое небо), *light brown pencil* (светло-коричневый карандаш).

– *Pale* – бледный. Example: *pale yellow leather* (бледно-желтая кожа), *pale brown dye* (бледно-коричневая краска).

– *Bright* – яркий. Example: *bright red blood* (ярко-красная кровь), *bright green absinth* (салатовый абсент).

– *Deep* – глубокий (имеется в виду темный). Example: *deep pink thing* (темно-розовая вещь), *deep grey hair* (темно-серые волосы).

– *Dim* – тусклый. Example: *dim white light* (тускло-белый свет), *dim purple crystal* (тускло-фиолетовый кристалл).

– *shocking* (очень яркий), *vivid* (яркий), *moderate* (умеренный, сдержанный), *pastel* (пастельный), *soft* (мягкий), *dull* (тусклый, неяркий, слабый), *dirty* (блэкный, матовый), *mat* (приглушенный, матовый), *virulent* (ядовитый).

Некоторые из этих слов имеют узкую сочетаемость. Например, *shocking* сочетается только с *pink* (ярко-малиновый); *virulent* – только с *red* (ядовитый красный).

Другие слова-модификаторы встречаются редко, например: *dusky pink*, *lively red*, *smiling yellow*, *delicate red*, *glossy green*.

Для того чтобы объединить два цвета в одном прилагательном, используется союз “and”:

black-and-white черно-белый

red-and-orange красно-оранжевый

Но следует заметить, что в английском языке может существовать одно определенное слово для необходимого цветового решения. А именно:

Темно-красный – *crimson* / *garnet*

Темно-желтый – *tawny*

Светло-оранжевый – *orangey*

Светло-желтый – *fallow*

Светло-зеленый – *chlorine*

Таким образом, мы рассмотрели основные способы выражения цветовых оттенков в русском, английском и французском языках. В следующем пункте нашей статьи мы сравним эти способы в трех рассматриваемых языках.

Очевидно, что у английского и французского языков больше сходства, чем у пар русский-английский или русский-французский, ведь, кроме того, что английский и французский относятся к индоевропейской семье, т.е. они имеют общие корни, эти два языка еще и относятся к одному типу – аналитических языков, в то время как русский – язык синтетический.

Аналитические языки – языки, в которых грамматические отношения передаются через синтаксис, то есть через отдельные служебные слова (предлоги, модальные глаголы и т. п.), а не через словоизменение с помощью зависимых морфем (суффиксов, приставок и

т. д.). Синтетические языки – типологический класс языков, в которых преобладают синтетические формы выражения грамматических значений. То есть синтетический способ заключается в выражении грамматики в рамках слова, а аналитический – за его пределами. Отнесение языка к аналитическому или синтетическому строю означает преобладание в нем способов выражения грамматических значений, соответствующих данному строю.

Таким образом, нами было выявлено, что культура народов, говорящих на русском, английском и французском языках, обладает своей цветовой символикой, которая имеет как сходство (во всех трех языках желтый цвет ассоциируется с солнцем, светом и осенью), так и различия (в русском языке новобранец – «зеленый», а во французском – «bleu»). Русский, английский и французский языки выражают цветовые оттенки как синтетическим, так и аналитическим способом. Все три языка при передаче тонов используют простые (azure, azur, лазурный) и сложные прилагательные (темно-зеленый, rifle-green, vert foncé). Английский и французский языки при выражении оттенков могут использовать адъективированные существительные (olive, rose). В английском и русском языке распространены слова, обозначающие оттенки, заимствованные из французского языка (beige, бежевый).

Цветовые системы разных языков в значительной степени отличаются друг от друга и объяснить это можно тем, что каждый язык прошел свою стадию формирования и развития (как создание собственных лексических единиц, так и заимствование других). Цвета, прежде всего, отражают вековые традиции и культуру народов, которые создавались в различных исторических и географических условиях, а значит, восприятие цветовой палитры окружающего мира в каждой языковой системе осталось особенным, свойственным только для нее.

Мы проанализировали и сравнили семантику цветообозначения в английском и французском языках на примере художественных произведений.

При анализе способов выражения цветовых оттенков в английском языке материалом послужило произведение «Alice's adventures in Wonderland» Лютвиджа Доджсона, более известного под псевдонимом Льюис Кэрролл.

Методом сплошной выборки нами было выделено 71 прилагательное, обозначающее цветовые оттенки, которые мы систематизировали в соответствии со следующей классификацией:

1. Сложное прилагательное: dark-blue, light-green. – 41%.
2. Заимствованные слова: blonde, bronze. – 16%.
3. Адъективированные существительные: lilas, olive. – 35 %.
4. Именное словосочетание: the color of honeysuckle. – 8%.

Лексика цветообозначения во французском языке представлена достаточно в широком аспекте и отражает как определенные физические понятия оптического спектра, так и психоэмоциональное состояние, которое особенно ярко проявилось во фразеологических выражениях. Базовые цвета выражены прилагательными: rouge, orange, jaune, vert, bleu, violet. Оттенки, созданные на их основе, могут быть выражены как прилагательными, например, при помощи суффиксов -âtre, -acé, -aud, -é (verdâtre, violacé, rougeaud, rosé), так и при помощи существительных, имеющих определенный оттенок (prune, feu, or, encre, lait).

Интересен тот факт, что в цветовом словаре французского языка некоторые оттенки, выраженные существительными, не совсем точно передают их цвет, они описывают его лишь по какому-то одному определенному признаку: например, раон (павлин) – голубой или синий, bonbon (конфета) – розовый. Также многие оттенки имеют устойчивое фразеологическое значение, актуальное для определенной исторической эпохи, но утерявшее свой прямой смысл в современном мире: например, blanc de Chine, vert de Hooker, bleu de Klein, jaune de Naples – одни из оттенков белого, зеленого, голубого и желтого (во французском обозначены именами собственными – Klein, Hooker или связаны с географическим расположением – Chine, Naples). Некоторые обороты сохранили свое значение только в абстрактной форме, не имеющей, кстати, аналога в русском: например, roi (король) означает голубой цвет, queue-

de-renard (лисий хвост) – красный, brou de noix (кожура ореха) – черный, gorge de pigeon (шейка голубя) – сочетание серого, голубого и розового.

Анализируя способы выражения цветовых оттенков во французском языке, за основу мы взяли произведение «Le petit prince» Антуана де Сент-Экзюпери.

Методом сплошной выборки нами были отобраны 75 прилагательных, обозначающих цветовые оттенки, которые мы систематизировали в соответствии со следующей классификацией:

1. Сложное прилагательное: petit gris, bleu pastel. – 57%.
2. Адъективированные существительные: framboise, ambre. – 15%.
3. Именное словосочетание: bleu d'eau, jaune sable. – 28%.

Таким образом, можно сделать вывод, что английский язык богат сложными прилагательными, обозначающими цветовые оттенки, а именно различными вспомогательными компонентами, например: lively, vivid, smiling, shocking, moderate, soft, mat, virulent и многие другие. Французский же значительно пополняет словарь с помощью адъективации существительных. Так, имена существительные становятся именами прилагательными и уже становятся не ягодой (framboise – малина), а цветом (framboise – малиновый). Заимствованные слова, выражающие оттенки, во французском языке не распространены, в то время как английский язык значительно пополнился словами из французского (olive, cerise, mauve, taure) и греческого языков (chlorine).

4. Выводы.

Мир, окружающий нас, разнообразен. Человек способен распознавать различные формы, звуки, запахи, вкусы. Способность различать цвета составляет существенную часть возможностей зрительного восприятия человека. Краков говорил: «Благодаря тому, что мы видим цвета предметов, мы оказываемся в состоянии лучше различать предметы». Трудно назвать сферу человеческой деятельности, в которой не присутствовал бы цветовой фактор. От цветового воздействия зачастую напрямую зависят настроение, эмоции и даже физическое самочувствие людей. «Различение цветов является для нас и источником эстетических переживаний; общее эмоционально положительное отношение к многообразию цветов нашло себе выражение и в обычном для нас отождествлении в речи «содержательного», «приятного» с «красочным». Мы говорим, например, «красочная» жизнь, противопоставляя ей жизнь «серую», – считал Краков.

Издавна многочисленные цвета, оттенки, их названия и обозначения были для любого народа отражением окружающего мира, его образности и символического значения. С определенными цветами и оттенками всегда ассоциировались мир природы, физические явления в нем, жизненные циклы человека или важные перемены в обществе. На протяжении существования человечества и в ходе его исторического развития значения символов цветов и оттенков, конечно, изменились, но их основные понятия и смысловые особенности сохранились в культуре и традициях каждого народа и, следовательно, отразились в языковых системах.

Цветовые системы разных языков в значительной степени отличаются друг от друга, и объяснить это можно тем, что каждый язык прошел свою стадию формирования и развития (как создание собственных лексических единиц, так и заимствование других). Цвета, прежде всего, отражают вековые традиции и культуру народов, которые создавались в различных исторических и географических условиях, а значит, восприятие цветовой палитры окружающего мира в каждой языковой системе осталось особенным, свойственным только для нее.

В зависимости от цветовой картины мира, сформировавшейся в культуре определенного народа и, следовательно, в соответствующем языке, зависит способ выражения цвета и особенно его оттенков.

Так, мы выяснили, что в английском языке для выражения цветовых оттенков чаще всего используются сложные прилагательные с вспомогательными компонентами насыщенности или ослабленности цвета. Во французском также часто встречаются сложные прилагательные, но количество вспомогательных компонентов не может сравниться с разнообразием

английского языка, зато адъективированные существительные у французов в почете. Впрочем, в обоих языках для выражения цветовых оттенков часто используют адъективации существительных – названий металлов, фруктов, животных и др. Распространение конструкций с использованием адъективированных существительных объясняется стремлением к сжатости, к краткости изложения. В английском языке активно используются прилагательные-оттенки, заимствованные из других языков (в основном французского). Французский язык предпочитает обходиться своим лексическим запасом.

Список литературы

- Апресян Ю.Д. Лексическая семантика. Синонимические средства языка. – М.: Наука, 1974. – С. 367.
- Арнольд И.А. Стилистика современного английского языка. – Л., 1990. – 301 с.
- Балли М. Французская стилистика / Пер. с фр. К.А. Долинина. – М., 1961. – С. 221.
- Воевода Е.В. Цветовосприятие и ассоциативные поля в русском и английском языках / Воевода Е.В. // Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира / Научный Вестник ВГАСУ. – 2012. – № 2. – С. 113–123.
- Гак В.Г. Язык как форма самовыражения народа // Язык как средство трансляции культуры. – М.: Наука, 2000. – С. 54–68.
- Колшанский Г.В. Объективная картина мира в познании и языке. – М.: Наука, 1990. – С. 108.
- Кубрякова В.И. Постовалова и др. – М.: Наука, 1988. – С. 216.
- Серебренников Б.А., Ключева Е.С. Французские фразеологические единицы с компонентом черный/белый. – БГУ, 2011. – С. 113.

УДК 396.1

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ РӨЛІ

Шегенова Ж.Н.,
тарих магистрі, ҚМПИ
Қостанай қ., Қазақстан

Аннотация

Беріліп отырған мақалада дәстүрлі қазақ қоғамында әйелдердің рөлі қарастырылады. Әйел қорғаушы, тәрбиелеуші, отбасы тірегі болып саналады және де ақыл, инабаттылық, ар-ождан және т.б. қасиеттермен ерекшеленеді. Бұрынғы кездерде әйелдердің қоғамдағы рөлі қазіргі кезден басқаша болды. Әйелдердің қоғамдағы орны патриархалдық – рулық қатынастарға, ислам дінінің әсеріне байланысты болған. Ғасырлар бойы қалыптасып, дамыған халықтың әдет-ғұрыптармен салт-дәстүрдің негізінде әйелдердің қоғамдағы рөлі айқындалып, беки түскен. Әйел-анаға қатысты әдет-ғұрыптар оның болмысына, тәрбиесіне ықпал етіп, рухани тазалықтың биігінен көрінуге бағытталған. Осыған орай дәстүрлі қазақ қоғамында ақылдылығымен, тапқырлығымен, адалдығымен, көріктілігімен еркекке бергісіз әйелдер өмір сүріп, аттары аңызға айналған.

Аннотация

В данной статье рассматривается роль женщины в традиционном казахском обществе. Женщина представлена как защитница, воспитательница, опора семьи, она наделена такими качествами, как ум, сдержанность, совесть, и многими другими положительными качествами. Раньше роль женщины в обществе была иной. Место женщины в обществе было обусловлено влиянием патриархально-родовых отношений и исламской религии. На основе формировавшихся в течение веков народных традиций, норм и обычаев роль женщины в обществе возросла. Обряды, касающиеся женщины-ма-

тери, формировали воспитание, образ жизни, были направлены на соблюдение духовной чистоты. Благодаря уму, находчивости, честности, обаянию образ женщины в казахском традиционном обществе становится легендой, символом.

Abstract

The present article examines a place and role of a woman-mother in the Kazakh society. The woman is presented as a protector, tutor, family support, she possesses such qualities as intellect, restraint, conscience and many other positive features. Previously, the role of women in society was different. The place of women in society was related influence of Patriarchal-patrimonial relations and the Islamic religion. Based formed over centuries folk traditions, norms and customs role of women in society has grown and been strengthened. Rites of a woman-mother affect its Genesis, civility, aimed at spiritual purity. In this regard, his intelligence, wit, honesty, loveliness, the image of women in traditional Kazakh society becomes a legend.

Түйінді сөздер: гендер, гендерлік саясат, феминизм, шариғат, әйел теңдігі.

Ключевые слова: гендер, гендерная политика, феминизм, шариат, равноправие женщины.

Key words: gender, gender policy, feminism, sharia, equality of the woman.

1. Кіріспе.

Көбіміз, дәстүрге сай, әйелдің орны – отбасы ошақ қасы деп анықталады.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әйелдер мен ерлердің әрқайсысының өз рөлдері болады. Көшпенділер мәдениетінде ерлер мен әйелдердің міндеттері бөлінді. Әйелдердің рөлі бала тәрбиелеумен, үй шаруашылығын жүргізумен қатаң шектелген. Мысалы, неке дәстүрінде әйелдердің күйеу таңдауға мүмкіндігі болмаған. Күйеуі өлсе, басқа күйеуге шыға алмаған, ол марқұмның інісіне немесе ағасына қосылуға міндетті болған.

2. Талқылау.

Түркілер әйел ананы отбасының құты мен ырысы, ұйытқысы мен жылуы деп таныған. Сондықтан да болар түркі дүниесін терең зерттеген тарихшы – ғалым Лев Гумилев “Көне түріктер” деген іргелі зерттеуінде “Түркілер әйелдерді сал серілердей әдейі қатты құрметтейтін. Баласы үйге кіргесін әуелі шешесіне иіліп, тәжім еткен, содан кейін барып әкесіне сәлем берген. Орхон жазуында да ордада апа қарындастары қалып қойып, оларға ажал қаупі төнгенде, Күлтегіннің оларды жанқиярлықпен қорғап қалғаны зор шабытпен жырланады. Түркілерде анасының шыққан тегіне айырықша мән берілген” 1 – деп жазған. Шындығында да қазақта “Жігіттің жақсы болуы нағашысынан” деген сөз бар. Оның түп мәніне үңілсек, ата – бабаларымыз аналарының, жұбайларының қадір – қасиетіне, оның шыққан тегіне ерекше мән берген. Мұның өзі қыз баланың ұрпақ өрбітудегі орнының жоғары, жауапты екендігін танытады (Мұхатова О.Х., 2010).

Қазақ халқының болмысындағы, дүниетанымындағы бар игі қасиеттерді тілін, ділін, дінін, әдет – ғұрпын, салт – санасын, ұлттық дәстүрін баласынан немересіне, немересінен шөбересіне жеткізуші, дарытушы, дамытушы әйел ана деп санаған.

Қазақ хандығында аналар мен қыздардың өзіндік орны, атқарар рөлі болғандығына жазба деректер мен ауызша тарих айтудың жәдігерлері дәлел бола алады. Аналармыздың қоғамдағы орнын қалыптасқан ру – тайпалық қатынастар, дәстүрлі шаруашылық, тамыры тереңнен бастау алатын діл, салт-дәстүр, әдет – ғұрып анықтаған. Қыздарын болашақ ана ретінде санаған дана халық оларды сыйлап, қастерлеген.

Қазан төңкерісіне дейінгі әдебиеттердің көпшілігінде қазақ әйелдерінің қоғамдық қатынастарда құқысыздығын орынды баяндаумен бірге, олардың отбасындағы орнын, Орта Азия халықтары әйелдерімен салыстырғанда әлдеқайда еріктілігін негізінен дұрыс көрсетілді.

XX - ғасырдың басында патриархалды – рулық қатынастар етек жайған әрі молырақ сақталған Маңғыстау қазақтарының өзінде ерлі-зайыптылардың арасындағы қатынастар қожайын мен күннің арасындағы қатынастарға мүлдем ұқсамайтындығын, көбінесе бірін бірі құрмет тұтып, сыйлауға негізделгендігін, қазақ әйелдері өздерін әрдайым еркін ұстайтындығын неміс ғалымы Р. Каружц те атап өткен (Мұхатова О.Х., 2010).

Қазақ әйелдерінің қоғамдағы салмағы сәл төмендеу болғанымен, олардың әдептілігін көрсететін көптеген әдет – ғұрыптар да бар. Мәселен, күйеуінен өзге бөгде ер адамға беті мен екі қолының ұшынан басқа денесін көрсетпеу; жалаңаяқ, жалаңбас жүрмеу; еркектер алдынан кесе өтпеу; үлкендер отырған үйге кірмеу; өз үйіне үлкендер келіп әңгімелесіп отырғанда олардың әңгімесіне араласпау; тіпті оларға шай құйып отырғанның өзінде біртүрлер қырын қарап отыру; үйде кісі барда малдас құрып жүресінен отырмау; үлкендер көзінше дауыстап сөйлеспеу немесе балаға шаңқылдап ұрыспау үлкен әдептілік деп есептелген. Шынында да, мұның бәрі әйелдің көргендігін дәлелдейтін ұнамды салт болған (Мұхатова О.Х., 2010).

Көшпелі мәдениеттің дағдарысқа ұшырауына байланысты XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Қазақстанда жаңа қоғамдық қозғалыс пайда болды. Ұлтшыл Алаш қозғалысы Қазақстанның қоғамдық өмірінде өшпестей із қалдырды. 1917 жылы Орынборда өткен Алаш Орда конференциясы әйелдердің қоғамдағы өмірі туралы шешім қабылдап, мынадай тұжырымдарға келді:

- әйелдер мен ерлердің саяси құқықтары тең болуы керек;
- әйелдер өздеріне серігін таңдауға ерікті;
- некеге тұру жасы 16-ға дейін ұзартылуы;
- молданың 16-ға толмаған қыздың, 18-ге толмаған жігіттің некесін қиюға құқығы жоқ;

- неке екі жақтың келісуімен қиылады;
- жесір әйелдерді күйеуінің туысқандарына зорлап қосуға болмайды;
- бірінші әйелі келісім бермесе, екінші әйел алуға болмайды.

Аталмыш конференцияда ұсынылған идеялар ол заманда әйелдердің тығырықтан шығатын басқа жолы болғандығын көрсетеді. Ескі салт-сана мен әдет-ғұрыптың күйрей бастағаны, әйел рөлінің өзгергені көрінді (www.abai.kz/node/7479).

Әлем тарихында құрсанып қару асынып, қолбастап жауға шапқан не болмаса мемлекет басқарып, сол елдің азаттығы, Тәуелсіздігі үшін арыстандай алысқан әйел адамдар аз емес. Тіпті әлемдік емес, өз қазағымыздың кешегі, бүгінгі тарих қатпарларына көз жүгіртер болсақ, қорамсақ толы жебе асынып, айқайлап жауды қашырып, түйіліп келген дұшпаннан қаймықпай, өз елінің азаттығы үшін шейіт болған апаларымыз жеткілікті. Әрине, суыртпақтай берсек, арғы-бергі тарихта бұлардан өзге де батыр апаларымыз есте қалды. Әлем тарихында өшпес із қалдырған, ерлігімен қатар, даналығы аңыз болып қалған, бұдан екі жарым мың жыл бұрын өмір сүрген ұлы даладан шыққан сақтың батыр қыздары Томирис және Зарина тарихта қалды. Мәселен, жоңғар шапқыншылығы тұсында Абылайхан Дарабозым деп еркелетіп, сыйлаған қазақтың бас сардары, ұлы қолбасшысы Қабанбай батырдың жары Гауһардың ерлігін, тапқырлығын еске алсақ та жетеді. Қабанбай мен Гауһардан туған Назым қыздың небәрі 16 жасында Түркістан түбінде от шашқан жоңғар зеңбірегіне батпай, ұйлығысып қалған қазақ қолын бастап, кәмшат бөрік киіп, найза орнына қолындағы қамшысын бұлап «Абылайлап» жауға шауып, жоңғарларды түре куған ерлігі ел есінде. Кешегі Кенесарының қарындасы Бопайдың ерлермен бірге өз елінің азаттығы үшін толарсақтан саз кешіп, жасанған жаумен арыстанша айқасуы не болмаса қазақ тарихында аққан жұлдыздай із қалдырған Шоқанның әжесі Айғаным ханымның елді ақылмен басқарғанын қалай ұмытуға болады. Мұның сыртында кешегі кеңес заманындағы Екінші дүниежүзілік соғыста шығыстың қос шынары атанған Мәншүк пен Әлияның да ерлігі әлі есте (www.abai.kz/node/7479).

Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ қоғамы әйелдер мәселесін жаңа заман талабына орай жаңашақырынан көтере бастады. Нәтижесінде саяси, қоғамдық және экономикалық жағдайлардың ерекшелігі ескеріле отырып, 1998 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің жа-

нынан кеңес беру органы – Отбасы және әйелдер ісі жөніндегі ұлттық комиссия құрылғаны белгілі. Нарықтық экономикаға көшу көптеген адамды тығырыққа тіреді. Әйелдер жүгі ауырлады. Отбасын асырау, бала-шағаға қамқорлық, үй шаруасы – осының бәрі ерлерге қарағанда әйелдердің мойнындағы жауапты іс. 2004 жылы еңбекпен қамту қызметтерінде жұмысқа орналасу мәселелері бойынша келгендердің ішінен әрбір алтыншы әйелге ғана жұмыс берілген. Жоғары және орта арнайы білімі бар 45 жастағы және одан үлкен әйелдердің жұмысқа орналасу мүмкіндігі мүлде аз. Қазіргі кезде жалданып жұмыс істейтін адамдардың денін әйелдер құрайды. Алайда олардың еңбек ақысы ерлердің табысының 61%-на ғана татиды. Қазіргі таңда әйелдер денсаулық сақтау, білім беру және сауда сияқты белгілі бір салада шоғырланған (Сұлтанхан А., 2011).

Қазақ халқы ежелден ұл бала мен қыз баланың еңбек тәрбиесін бөліп қараған. Дәстүрлі мәдениетке үйлесімді құндылықтарға сай, қазақтар ұлды мал бағуға, отын шабуға, қолөнер шеберлігіне, мал табуға, отбасын асырауға, ал қыз баланы ас пісіруге, кесте тігуге, өрмек тоқу сияқты үй ішінің ішкі жұмыстарына баулып отырған.

Жан-жақты жарасымды жетілген әйел – жан-жақты жетілген еркекке қарағанда, әлдеқайда жоғары деңгейдегі адам, әйел – қоғамның қозғаушы күші. Қазақтың қыз-келіншектері табысқа қол жеткізуге, еліне пайдасын тигізуге, жақсы өмір сүруге қабілетті. Қазақ әйелінің табиғатында әлеуметтік жауапкершілік басым. Бұл – дәлелденген шындық. Оны бүгінгі өмір қатынастарынан көріп жүрміз. Ел басының нақты тапсырмасы негізінде жүргізіліп келе жатқан мемлекеттік гендерлік саясатқа орай, бүгінде қоғамымыздың қай саласында да әйелдердің рөлі артып келеді. Өз басым әйелдер мәселесінің гендерлік саясатпен үндесуі, бұл – демократиялық дамудың ең басты шарттарының бірі. Егер қазіргі биліктің басқару ісіне қазақ әйелі етене араласса, тұрақтылық пен мұқияттылық барынша сақталар еді (Климова Т.В., Балгимбаев А.С., Самратов А.К., Комекбаева Л.К., Некрасова Н.А., 2008, 164 с.).

Қазір шынтуайтында біздің қоғам әзірге мұндай түбегейлі өзгерістерге дайын емес. Бұған қазақ әйелінің санасында өмір сүріп жатқан шығыстық менталитеттің де кінәсі бар. Бұл әйел қауымының өз ойынашықайтуына әлі талай кедергі келтіретін болады. Дегенмен бұрынғы жылдармен салыстырғанда жағдай өзгеріп келе жатыр. Әйелдер үшін аса лауазымды қызмет атқаратын күндер алыс емес. Дәл қазір, әйелдерден әкім тағайындайтын кез келді.

Шариғат бойынша жанұяның тізгіні еркекке тапсырылған. Бұған дау жоқ. Түптеп келгенде еркектер – әйелдерге пана, қамқоршы, басқарушы. Бірақ біздің, өзге елдің емес, қазақтың жігіттері сол басқарушылықты дөрекілікке, қамқорлықты жалқаулыққа айналдырып алмаса екен дейсің. Себеп біреу, елімізде әйел адамның бәрі бірдей өз құқын біліп, қорғай алмайды. Қазақ әйелінің зорлық-зомбылықтың құрбаны болатыны да содан (Бықай Д., 2011)

«Әйел теңдігі» мәселесі деп қанша даурыққанмен, шындап келгенде, жаратылыс тұрғысынан әйел мен еркек тең емес. Әрқайсысы өзіне тән қасиеттерімен ерекшеленеді. Егер бір-бірінен ешбір айырмашылығы жоқ өзара тең жаратылыс болғанда, Құдай тағала бөліп-жарып жатпай, бәрін біркелкі әйел, не еркек етіп жаратар еді ғой. Олар өздеріне тән ерекшеліктерімен екеуі бір-бірін толықтыра түседі. Қазақ «екі жарты бір бүтін» деген. Әйел денедегі жүрек болса, еркек сол денедегі ақыл іспетті. Жүрек ақылсыз, ақыл жүрексіз өмір сүре алмайды. Жүректі ақылдан жоғары, яки ақыл жүректен артық деп айту мүмкін емес. Екеуі де өз міндеттерін атқарған кезде ғана дене дұрыс қызметін жалғастыра алады. Ендеше, әйел еркектен жоғары немесе төмендеу, жалпы алғанда дұрыс айтылған пікір емес (Бықай Д., 2011).

Қазақ – ежелден қызын аялап, жесірін кемсітпеген, аузы дуалы әйелге бүкіл ауыл тоқтаған, әйел-анаға тіршілік берекесі ретінде баға берген халық. Бұлардың ішінде, сонау сақ дәуірінен бергі Тұмар, Домалақ ана, Жанбике, Мұрын, Қыз айаналарды саяси көсемнен гөрі рухани дәрежесі биік абзал жандар деп бағалау қисынды. Ал ер-азаматына деген адалдықтан айнымай, қазақ, ұлт мүддесі жолында бар күш-жігерін сарп еткен аналарымыздан бәйтеректей өсіп-өнген ұрпағының – Жанбикеміз, Мұрынбыз, Қызаймыздеп, тұтастай па-руын атап кетуі де тегін емес (Есбайұлы Б., 2010).

Қазақ әйелі ері жоқ болса да келген қонаққа мал сойдырып, ұлттық меймандостық, бауырмалдық, қасиеттердің үлгісімен күтіп, үстеріне шапан жауып шығарып салып жататынын көне тарихтардан жақсы білеміз. Сондай мәртебеге ие бола тұра қазақ әйелі еш уақытта отағасына қатты сөз қатпай, бас иесі ретінде мойынсұнып, балаларын да әкені құрметтей білуге тәрбиелеген. Міне, осындай қатал әрі адал тәрбиенің арқасында қазақта ұрыс-керіс, ажырасу сияқты жайттар сирек кездесетін еді. Не керек, Кеңес Үкіметі орнағасын өмірлік салт-дәстүрге лайықталып жасалған қазақ ұйғарымының үні өшті. Қызылдардың қыздырма үгітіне ылығып, тіпті сақалы сапсқан ақсақалдардың өздері әйел теңдігі жолындағы күреске үндеді. Осылайша, әлемдік ауқымда етек жайып жатқан феминистік қозғалыс әуелі әйелдердің мұңын айтып, жылап-сықтаумен басталды. Кейін келе, қазақ қоғамында шашы желкесіне жетпейтін, езуінен едірейген шылымық етпейтін «еркекжал» жеңгейлер мен қарындастар қаптады. Осындай жөнсіз еркіндік талай қазақ қыздарын тура жолдан адастырып, бұзып тынғаны жасырын емес. Әуелі Батыста басталған әлеуметтік ойын, дүркін-дүркін дүрліктіріп баққан феминизм Шығыстағы жағдайды да жайбарақат қалдыра қоймады (Есбайұлы Б., 2010).

Исламдағы әйелдің орны мен ролі туралы терең зерттелген шығармалар мен көпшілік қауым жете таныс болмағандықтан, ислам мәдениетінде әйел адамның құқығы тым шектеулі деген жадағай түсінік қалыптасқан. Бұндай түсініктің қазіргі батыс елдерінің исламды жаппай қаралауынан туындаған тенденциясы екені белгілі. Әйтсе де, Ислам дінінде әйел затына үлкен мәртебе берілген (www.abai.kz/node/7479).

Сондықтан да әйелге өз мәнділігі жағынан ұлы функция – адами қалыпты сақтау жүктелген. Бұл қалыптың қандай түрде сақталатындығының да мәні зор. Дүниеге жаңа ұрпақтың туылуы біздің келешекте денсаулығы мықты, тіршілікке қабілетті қоғам болады дегенді білдірмейді ғой. Келесі ұрпақтың діншілдігі мен тәрбиелілігінің қандай болатындығы көбінесе әйелге байланысты. Оларда үйдегі сабырлылықты, бір қалыптылықты, дінге сенушілікті сақтаудың ұлы функциясы қалыптасқан, өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиелілігі мен құдайдан қорқушылығы соларға байланысты. Сондықтан балалар тәрбиесі, әсіресе өмірінің алғашқы кезеңдерінде, ананың маңызды міндеті болып табылады (Тоғызбаева Қ.).

Бұл процесс, әрине белгілі бір дайындықты және өмірдің әртүрлі аумағында білімнің, тәрбиенің болғанын талап етеді.

Әйелдің қоғамдағы ролі бірде төмен, бірде жоғары болған. Тарих әйелдердің дарындары мен мүмкіндіктері үшін қолайлы жағдай туған кезде, олардың да маңызды рөл атқарғандарын көрсетеді.

Ислам революциясының қазіргі жетекшісі Исламның жанұядағы мақсаттарына жету үшін заңның қолдауы мен іске асыру кепілдігі қажет деген мәселені еске салды.

Ислам көзқарасынша, әр түрлі қиын жағдайларға қарамастан әйел өз мүмкіндігіне орай бақыт жолын таңдап, талпыныс жасай алады немесе теріс жолды таңдай алады (Тоғызбаева Қ.).

Гендер әйелдердің әлеуметтік рөлінің шектелуіне наразылық танытудан бастап, оларға барлық салаларда еңбек етуге жол ашуға, белсенділік көрсетіп, әр түрлі ұйымдарға бірігіп саяси білім мен билікке ұмтылып, белсенді іс-әрекет жасауға ықпал ету. Бұл іс ешбір кедергісіз іске асырылып жатыр деуге болады. Өйткені, қалай болғанда да, исламмен енген теңсіздік кеңес кезеңінде жойыла бастап, мемлекеттің негізгі заңы – Конституцияда әйел мен ердің әлеуметтік және саяси теңдігі ресми түрде бекітілген. Бұны қоғамның ек тобы да анық біледі. Сондықтан, гендерлік мәселеде әйелдің теңдігі жоқ, не болмаса, зорлық бардеп күреске шақыру, орынсыз. Қазақстанның оңтүстік аймақтарында мұсылмандық дін ерте еніп, сенім ретінде негізделіп қалуына байланысты, осы жерлерде “гендерлік мәселе” бар деп санау да артық. Өйткені, Конституциямызда, діни сенімдер еркіндігіне жол берілген.

Ислам дініне бойұсынған әйел мен ерлер арасындағы қатынас әлеуметтік деңгейде олардың діни көзқарастарына байланысты реттеледі. Егер мұсылман әйелдерді ерлер мен бірсатыға қойып, қоғамдағы рөлдерін өзгертуге шақыру – олардың сенімдерінен бастартқызу деумен тең. Ғасырлар бойы қалыптасқан діни сананы бұзу оңай шаруа емес. Сондықтан гендер мәселесін қарастырғанда, гендерлік сана ұғымын қарастыру жөн. Бұл – қоғамдық сана-

ның бір қыры. Көпұлтты мемлекетімізде әр этностың сана сезіміне байланысты ерлер мен әйелдердің қатынысы анықталған. Ал одан бас тартқан жағдайда, мемлекеттік деңгейде әр ұлт өкілі болсын, жыныстық ерекшелік болсын, заңды түрде құқығы қорғалған деуге болады. Егер зорлық, зомбылық бар болса, оны тек ер мен әйел мәселесі ретінде қарастырмай, жалпы адамзаттық зорлық ретінде қарастыру жөні бар. Оған әйелдер деп бөлмей, адами арақатынас ретінде қарастыру гендерлік мәселені тудырмаудың жолы. Оңтүстіктен басқа аймақтарда гендерлік теңсіздіктен гөрі гендерлік теңдік туралы айтуға болады (www.walashkz.by.ru/in_azimbai_gali.htm).

Қазақ қоғамындағы әйелдердің орны жайлы әңгімелегенде, Орта Азияны мекендеген басқа халықтардың әйелдерімен салыстырғанда қазақ қыздары мен әйелдерінің анағұрлым еркін болғанын айтқан жөн. Олар жүздерін жамылғылармен бүркемей, ашық өмір сүрген. (Ізгілеуова С.).

Исламда еркек пен әйелдің міндеттері жеке-жеке бөлініп, анық көрсетілген. Еркектердің қасиетті парызы – әйелдерді билеу. Әйелдердің қасиетті парызы – еркектерге бойұсыну, бағыну. Бұл былай қарағанда қарапайым ғана қағида болғанмен, өмірде орындалуы өте қиын. Қазақ қоғамының басына төнген алмағайып замандар ұлттың тұнығын шайқап, дүниетанымын астан-кестен қылды.

Осыдан біраз жыл бұрын көшеде хижаб киген қазақ әйеліне жұртшылық таңырқай қарайтын. Ал бүгінгі күні хижаб киген қазақ қыздарын көшеден де, қоғамдық орындардан да, мәдениет ошақтарынан да, жоғары оқу орындарынан да, тіпті мектеп қабырғасынан да кездестіретін болдық. Дегенмен, соңғы кезде қазақ қоғамының хижабқа байланысты көзқарасы қатқал жарылған сынды. Бір тобы толығымен қолдап, шүкіршілік етсе, енді біреулері ескілік қалдығы, еліктеушілік деп, қарсы болуда.

3. Қорытынды.

Ұлт ретінде сақталып қалуымыз – әйел затының тәрбиесіне тікелей байланысты. Әйелдеріміз, әпке-қарындастарымыз мұсылмандық тәрбиені бойына сіңірген иманды, көзі ашық, көкірегі ояу, ұлтын сүйетін, ерін сыйлайтын болса ғана дүниеге ата жолын қуатын текті де сапалы ұрпақ әкеле алады. Сонда ғана әйелдер әрбір шаңыраққа сәуле болып тарап, қазақтың мәңгілік бесігін тербетіп, алтын айдарлы ұл, күміс тұлымды қыз туып, қазақтың санын еселеп өсіреді. Қазақтың ошағына ие болып, түтінінің түзу ұшуын қамтамасыз етеді. Қазақтың атпал азаматының босағасына бақ болып қонып, Қазақ елінің шаңырағын шайқалтпай, керегесінің кең, іргесінің берік болуына кепілдік болады.

Дегенмен, қазақ әйелдері үшін басты міндет – отбасы беріктігін сақтау, бала тәрбиелеу, ерлерін барынша сыйлау, рухани қолдау көрсету болып табылады.

Әдебиет тізімі

Бықай Д. Әйел мүддесіне мүлгі қарауға болмайды // Дала мен қала. 2010. № 16.

Бықай Д. Гендерлік саясат дұрыс па // Дала мен қала. 2011. 22 қараша.

Есбайұлы Б. Тіршілік берекесі // Дала мен қала. 2010. № 1.

Мұхатова О.Х. Қазақ қоғамындағы әйел – ананың орны мен ролі // Вестник ПГУ. – 2010. –

№2.

Тоғызбаева Қ. Гибадаттың денсаулыққа пайдасы // Мұсылман. – 25 б.

Климова Т.В., Балгимбаев А.С., Самратов А.К., Комекбаева Л.К., Некрасова Н.А. Гендерное развитие народа Казахстана. – Алматы. – 2008. – 164 с.

Ізгілеуова С. Отбасы – отанымыздың ошағы. www.schoolkz.ru/load/referaty_na_kazakhs-kom/y/meni...

Исламдағы әйелдің орны мен ролі. «Қазақстан Заман» газеті. www.abai.kz/node/7479.

Қазақтардың гендерлік санасы жөнінде. www.walashkz.by.ru/in_azimbai_gali.htm.

Құлсариева А. Гендерлік саясат пен ұлттық салт-дәстүрдің қабысуы. www.kazakheli.kz/scientific-school/genderlik

Сұлтанхан А.(2011). Ерін сыйлаған әйел - періштелік сипатқа ие болады // SaLNur № 2// www.muslimwomen.com.kz/kk/comment/reply/497.

УДК 530.19

ОҚУШЫЛАРДЫ ФИЗИКА ЕСЕПТЕРІН ШЫҒАРУҒА ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Жандарбекова А.М.,
ғылым бөлімінің маманы, ҚМПИ,
Қостанай қ., Қазақстан

Аннотация

Бұл мақалада қиындығы жоғары есептердің шарттары көрсетілген. Сонымен қатар физика курсы бойынша қысқаша түсінік беріліп отыр. Физикалық есептерді шешу үшін заңдар мен формулаларды жаттап қана қою жеткіліксіз. Кез келген физикалық есепті шешуді қамтамасыз ететін толыққанды математикалық білім қажет, сонымен қатар ойлау және талдау жасау қабілеті болуы керек. Ондай жетістікке жету үшін жеткілікті көп мөлшерде есептерді жүйелі шығару, өз бетімен жұмыс жасау қажет. Есептердің шешуі ауқымды есептеулерді қажет етпейді.

Аннотация

В данной статье приведены условия сложных задач. Даны краткие понятия по курсам физики. Чтобы решать задачи по физике, недостаточно знать законы и формулы. Необходимы математические знания, которые обеспечивают решение любой физической задачи, а также талант мыслителя и экспериментатора. Чтобы достичь успехов, нужно решать достаточно много задач и упорно работать над собой.

Ответы задач не требуют больших расчетов.

Abstract

The terms of intricate problems are shown in this article. And short concepts are yet given on the courses of physics. To decide physical tasks are not enough gentlefolks laws and formulas. Mathematical knowledge that provides the decisions of any physical task is needed, and talent must to the way of life to think and experiment. To attain such victories it is needed to be able to decide many enough tasks and work by a soba. The answers of tasks does not require large calculations.

Түйінді сөздер: физикалық есептер, есеп, аналитикалық тәсіл, физикалық құбылыстар, заңдар, физикалық шамалар.

Ключевые слова: физические задачи, задачи, аналитические способы, физические явления, физические законы.

Key words: physical tasks, tasks, analytical methods, physical the phenomena, physical laws.

1. Кіріспе.

Қазіргі кезде оқушының ой - өрісін көтеру, шығармашылық қабілетін дамыту, алған білімін практикада қолдана білуге баулу, әртүрлі ғылыми әдебиеттерді пайдаланып, өзінің білімін тереңдетуге үйрету мәселелеріне айрықша мән беріліп отыр. Себебі мемлекеттік стандартта орта білім беретін мектептерде әрбір шәкіртті жеке тұлға деп санап, оларды өз сұраныстарына, мүдделеріне сай оқыту мен тәрбиелеудің сан қилы үлгілерін қолдану керектігі көзделген. Бұл жағдайда оқыту технологиясын өлзгертуді, оқушыларды өз бетінше білім алуға, өзін-өзі дамытуға, ұйымдастыруға үйрету мәселелеріне көп көңіл бөлуді талап етеді.

Осы міндеттерді атқару жолында басқа пәндер мен қатар физика пәнінің атқаратын рөлі де зор. Себебі физика жаратылыстану ғылымдарының тірегі, ал оның зерттеу әдістері қазіргі заманғы ғылыми танымның тұғыры. Дегенмен, қазіргі уақытта орта мектептегі физика пәні не бөлінген сағат қоры аздық етіп отыр. Осының салдарынан физика сабағында, бұрынғы кез

дегідей лабораториялық жұмыстар көптеп жасалмайды, есептер шығаруға уақыт жетіспейді. Осыдан оқушылардың физика пәніне деген қызығушылығын және оны оқыту сапасын қалай арттыруға болады? деген сұрақ туады.

2. Талқылау.

Менің ойлауымша, бұл тығырықтан шығудың бірден-бір жолы физиканың оқыту әдістемесінің ең тиімді, ұтымды тәсілдерін қолдану, берілген мағлұматтарды оқушының мейлінше аз уақытта терең жан-жақты игеруін қамтамасыз ету және физиканы оқытуды жандандыру әдістерін пайдалануға болады.

Физика есептерін мазмұны, берілу шарты және шығару тәсілдеріне сәйкес бірнеше топтарға бөлуге болады.

1. Мазмұны жағынан ажыратылатын есептерге физиканың механикаға, электродинамикаға, оптикаға және т.б. бөлімдеріне арналған есептер жатады.

2. Берілу шарты бойынша физикалық есептер сапалық, сандық, графиктік, эксперименттік топтарға бөлуге болады.

Сапалық физикалық есептер жаңа сабақтың мазмұнын түсіндіруге өте пайдалы. Сандық есептер физикалық шамалардың ара қатынастарын аналитикалық формулалар арқылы тағайындауда аса қажет. Графиктік есептерден керекті мағлұматтар алуда, шығару барысында графиктер қолданылады. Эксперименттік есептер нақты физикалық құбылыстардың, оларды түсіндіретін тәжірибелердің мәнін түсіндіруге арналады.

3. Шығару тәсілдеріне есептер аналитикалық және синтетикалық болып екіге бөлінеді.

Аналитикалық тәсілде қажетті нәтиже негізгі формулалар, сақтау заңдары арқылы дедукциялық түрде алынады. Синтетикалық тәсілде керекті нәтижелер есептің шарты бойынша анықтауға болатын физикалық шамалар арқылы жеке фактілерден индукциялық түрде ізделінеді.

Физиканы оқыту әдістемесі есеп шығару процесінде үйретуден гөрі ұйымдастыру жағына көбірек көңіл бөледі. Қазіргі кезеңде орын алған есеп шығару әдістемесі негізінен «не істеу керек?» деген сұраққа жауап іздейді, ал қалай істеу керек деген сұраққа жауап жеткілікті дәрежеде ашылмайды.

Менің ойымша, физикалық есептерді шығару әдістерін жетілдіру, ұйымдастырушы алгоритмнің үйрету функциясын күшейту бағытында жүргізілуі тиіс. Оқушыға есептен физиканы көруді қалай үйретуге болады? Бұл үшін оқушылар мына мәселелерді жақсы игеруі тиіс.

1. Физика деген не? Ол нені зерттейді?

2. Физикалық есеп деген не?

3. Есептің мазмұнынан физиканы қалай көруге болады?

Осы үш мәселені шешу жолына қысқаша шолу жасасам.

1. Физика жаратылыстану ғылымы, сондықтан ол физикалық құбылыстарды, денелердің физикалық қасиеттерін зерттейді. Осы физикалық білімдерді практикада, техникада қолдану мүмкіндіктерін қарастырады.

Физика деген сөз термин емес, ол өзіне тән белгілері бар ұғым, түсінік. Бұл пәнді мектепте оқытудың мақсаты оқушылар санасында физика ұғымын қалыптастыру, меңгерту және сол арқылы оқушы бойында жеке тұлғаға тән қасиеттерді дамыту.

2. Физика ұғымы физикалық есептің құрылымын анықтайды. Мұндай есепте: а) өзіне тән заңдылықтармен жүретін бір немесе бірнеше физикалық құбылыс беріледі; б) өзіне тән физикалық қасиеттері бар бір немесе бірнеше денелер қарастырылады.

Кез-келген физикалық есеп нақты физикалық құбылыспен немесе дененің физикалық қасиетімен байланысқан практикалық мәселені шешуге арналады. Демек, физикалық есепті шешу теориялық білімді практикада қолданудың нақты мысалы. Осыдан, физикалық есептер шығару: физикалық құбылыстар, заттардың физикалық қасиеттері және физикалық білімдердің практикада қолданылуы жөнінде қосымша мағлұматтар береді, физикалық заңдар мен теориялардың мәнін терең түсінуге көмектеседі.

3. Есептің мазмұнынан физиканы қалай көруге болады? Менің ойымша, бұл есептің мазмұнындағы физикалық сөздерді табу және оны физикалық ұғым, физикалық заңдылықтар тіліне аудару, ауыстыру. Бұл қандай сөздер? Физикалық құбылыстар туралы айтылатын, денелердің физикалық қасиеттерін білдіретін, олардың қолданылуын растайтын сөздер. Мысалы жаратылыста жүретін кез-келген өзгеріс құбылыс болып табылады. Ал физика табиғаттағы өзгерістерді, құбылыстарды зерттейді. Олай болса физикалық есептердің шартында физикалық сөздер арнайы сөздермен белгіленеді. Шындығында, қозғалады, буланады, қызады, ұлғаяды, сығылады және т.б. өзіне тән заңдылықтары бар әртүрлі физикалық құбылыстардың жүретінін білдіреді.

Денелердің физикалық қасиеттері, олардың қандай зат екендігін немесе қандай заттан жасалғандығын, яғни құрамын білдіретін сөздермен беріледі. Мысалы, азот, шыны, темір, су және т.с.с. Бірақ есепті талдау және оны шығару үшін жүйеде жүретін физикалық құбылыстар мен оны құрайтын денелердің қасиеттерін айқындайтын сөздерді білу жеткіліксіз. Физикалық құбылыстар нақты физикалық шарттарда жүреді және олар есептің физикалық мәнін құрайды.

Осы физикалық шарттар әрбір нақты жағдайларда, қандай сөздермен сипатталатынын есептерден қысқаша үзінділер келтіру арқылы анықтап көрейік:

1. *Жіпке ілінген дене тепе-теңдікте тұр.*
2. *Дене бастапқыда бірқалыпты, соңынан бірқалыпты үдемелі қозғалды.*
3. *Дене белгілі бір биіктіктен еркін құлады.*
4. *Газ изотермиялық түрде ұлғайды.*
5. *Екі дене серпімді соқтығысады.*

Осы келтірілген мысалдардағы нақты физикалық шарттар мыналар:

1. *Дененің тепе-теңдік шарты*
2. *Дененің бірқалыпты және бірқалыпты үдемелі қозғалу шарттары*
3. *Дененің белгілі бір биіктіктен бастапқы жылдамдықсыз еркін құлау шарты*
4. *Газдың тұрақты температурада ұлғаю және сығылу шарты*
5. *Денелердің серпімді соқтығысу шарты*

Физикалық теорияда бұл шарттардың физикалық шешімдері бар. Олай болса кез-келген физикалық есепте оның жасырын түрдегі шешімі беріліп қойылады. Физикалық шарттарды «есепті шығарудың элементтері» деп қарауға болады.

Күрделі есептің шешімі бірнеше қарапайым есептің шешімінен құралады: а) бірнеше физикалық құбылыстар; б) бірнеше денені қамтитын бір физикалық құбылыс; в) берілген жүйе күйлері үшін бірнеше шарттар қарастырылады.

Біріншіден қарапайым есептердің саны физикалық құбылыстардың санымен, екіншіден денелердің санымен, ал үшіншіден берілген жүйе күйлері табылатын шарттардың саны менанықталады. Осыған байланысты жоғарыда енгізілген «есепті шығарудың элементтері» ұғымын кеңейтумүмкіндігі туады. Енді бұл ұғымға есептің физикалық шартын білдіретін сөздер ғана емес, соған эквивалентті қатынастарды барлық қарапайым есептерде өзінің сан мәнін сақтайтын, физикалық шамалар мен есепті талдау үрдісінде пайда болатын қатынастарды да жатқызуға болады.

Сонымен құрылымы жағынан, кез-келген физикалық есеп ішінде физикалық мағынасы бар сөздердің жиынынан құралады.

3. Қорытынды.

Оқытушының міндеті оқушыны осы сөздерді табуға және оларды физикалық ұғымдар мен заңдылықтар тіліне аударуға үйрету. Менің осы бағытта жүргізілген есептеулерім, бұл үрдістің есеп шығару барысында ұдайы жүргізілуі қажет екендігін көрсетеді. Яғни ұйымдастырушы алгоритмнің әрбір пункті белгілі дидактикалық қызмет атқаруы тиіс.

Жоғарыда баяндалған физикалық есептер шығару әдістемесі қолдану нәтижелері:

1. Оқушылардың физика пәніне деген қызығушылығының, ынтасының және физикалық білімдерінің деңгейі біршама артқандығын көрсетті.

2. Оқушылар арасында жүргізілген физикалық бақылау жұмыстарының нәтижелері оқушылардың есеп шығару қабілетінің деңгейі 10–15%-ға жоғарылағандығын көрсетті.

Әдебиет тізімі

- Балаш В.А. Задачи по физике и методы их решения. – М.: «Просвещение». – Изд. 3-е, исп., 1974. – 430 с.
- Гольдфарб Н.И. Сборник вопросов и задач по физике. – М.: Изд-во «Высшая школа», 1975. – 368 с.
- Коган Л.М. Учись решать задачи по физике. – М.: Изд-во «Высш. школа», 1993. – 368 с.
- Кухлинг Х. Справочник по физике / Перевод с немецк. – М.: Изд-во «МИР», 1982. – 520 с.
- Понимаете ли вы физику? Задачи Капицы. – М.: Изд-во «Знание», 1968. – 95 с.

УДК 37.03

ИССЛЕДОВАНИЕ РАЗВИТИЯ ТОЛЕРАНТНОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ СТУДЕНТОВ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ВУЗА

Жаркунгулова З.Д.,
магистр педагогики и психологии,
преподаватель, КГПИ,
Зайцева В.Р.,
студентка 2 курса, КГПИ
г. Костанай, Казахстан

Аннотация

Бұл мақала педагогикалық институтта білім алушы студенттерінің толеранттық қарым-қатынас мәселесінің дамуын зерттеуге арналған. Бұл мәселені зерттеу барысында қиын топтардың толеранттық қарым-қатынасының даму деңгейі беріледі, содан соң оның салыстырмалы қорытындысы шығады. Толеранттық қарым-қатынасты дамыту үшін жоғары деңгейдегі психологиялық-педагогикалық мүмкіндіктер ұсынылады. Соның ішінде психологиялық тренинг болашақ мұғалімдерде толерантты қарым-қатынасты дамытудағы ең тиімді тәсіл болып табылады.

Аннотация

Статья посвящена проблеме исследования развития толерантного взаимодействия студентов педагогического вуза. На основе экспериментальной работы проблемной группы приводятся результаты диагностики уровня развития толерантного взаимодействия студентов и дается их сравнительный анализ. Предлагаются наиболее благоприятные психолого-педагогические условия развития толерантного взаимодействия студентов педагогического вуза. Психологический тренинг как активизация саморазвития студентов выступает наиболее эффективным средством развития толерантного взаимодействия будущих учителей.

Abstract

The article focuses on the study of development of tolerant interaction of students of pedagogical high school. On the basis of experimental work presents the results of research group level diagnostics development of tolerant interaction between students and given their comparative analysis. Offered the most favorable conditions for psychological and pedagogical development of tolerant interaction of students of pedagogical high school. Psychological training as self-activation students acts as the most effective means of developing a tolerant interaction of future teachers.

